- 6000-7999 БАЛАНСТАН ТЫС ЕСЕПШОТТАР
- 6000-6999 ШАРТТЫ ЖӘНЕ БОЛУЫ МҮМКІН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР
- Шартты және болуы мүмкін талаптар
- 6000 Аккредитивтер бойынша есепшоттары
- 6005 Шығарылған жабылмаған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін талаптар
- 6010 Расталған жабылмаған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін талаптар
- 6020 Шығарылған жабылған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін талаптар
- 6050 Кепілдік есепшоттар

- 6055 Шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша болуы мүмкін талаптар
- 6075 Қабылданған кепілдіктер бойынша болуы мүмкін талаптар
- 6080 Форфейтинг операциялары бойынша борышкерге болуы мүмкін талаптар
- 6100 Депозиттерді және несиелерді келешекте орналастыру бойынша есепшоттар
- 6105 Орналастырылатын депозиттер бойынша болашақ талаптар
- 6125 Берілетін кредиттер бойынша болашақ талаптар
- 6150 Келешекте депозиттер және кредиттер алу бойынша есепшоттар
- 6155 Келешекте депозиттер алу бойынша шартты талаптар
- 6175 Келешекте кредиттер алу бойынша шартты талаптар
- 6180 Форфейтинг бойынша төленетін векселдер
- 6200 Бағалы қағаздарды және қаржылық фьючерстерді сатып алу бойынша есепшоттар
- 6205 Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты талаптар
- 6210 Қаржылық фьючерстерді (пассивтік операциялар бойынша) сатып алу бойынша шартты талаптар
- 6220 Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сатып алу бойынша шартты талаптар
- 6225 Сатып алынған опцион контрактілер - "колл"
- 6230 Болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған келісім - қарсы есепшот
- 6240 Белгіленген проценттік своп
- 6300 Бағалы қағаздарды және қаржылық фьючерстерді сату бойынша есепшоттар
- 6305 Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты талаптар
- 6310 Қаржылық фьючерстерді (пассивтік операциялар бойынша) сату бойынша шартты талаптар
- 6320 Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сату бойынша шартты талаптар
- 6325 Сатылған опцион контрактілері - "пут"- қарсы есепшот
- 6330 Болашақ сыйақы (мүдде) туралы іске асырылған келісім бойынша) сатып алу бойынша шартты міндеттемелер
- 6720 Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сатып алу бойынша шартты міндеттемелер
- 6725 Сатып алынған опцион контрактілері - "колл"- қарсы есепшот
- 6730 Келешек сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған келісім

- 6740 Өзгермелі проценттік своп
- 6800 Бағалы қағаздар және қаржылық фьючерстер сату бойынша есепшоттар
- 6805 Бағалы қағаздар сату бойынша шартты міндеттемелер
- 6810 Қаржылық фьючерстерді (пассивтік операциялар бойынша) сату бойынша шартты міндеттемелер
- 6820 Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сату бойынша шартты міндеттемелер
- 6825 Сатылған опцион контрактілері - "пут"
- 6830 Келешек сыйақы (мүдде) туралы іске асырылған келісім - қарсы есепшот
- 6900 Валюта құндылықтарын сатып алу - сату бойынша есепшоттар
- 6905 Шетел валютасын сатып алу - сату бойынша шартты міндеттемелер
- 6915 Банктің аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелері
- 6998 Аффинирленген қымбат металдармен мәмілелер бойынша банктің позициясы
- 6999 Шетел валютасымен мәмілелер бойынша банктің позициясы
- 7000-7999 Банктің балансына меморандум есепшоттары
- 7100 Мемориалдық есепшоттар - активтер
- 7110 Жалға берілген машиналар, жабдық, көліктер және басқа да құралдар
- 7130 Шығынға есептен шығарылған борыштар
- 7150 Инкассоға жіберілген шетел операциялары бойынша құжаттар және құндылықтар
- 7200 Мемориалдық есепшоттар - пассивтер
- 7220 Жалға алынған машиналар, жабдық, көліктер және басқа да құралдар
- 7240 Инкассоға қабылданған және берілген құжаттар және құндылықтар
- 7300 Мемориалдық есепшоттар - басқалары
- 7303 Мерзімінде төленбеген есеп айырысу құжаттары
- 7321 Қазақстан Республикасының ұйымдарына шетел мемлекеттері және шетелдік банктер ашқан кредит желілері
- 7339 Әртүрлі құндылықтар және құжаттар
- 7342 Кейін есеп беруге жіберілген және берілген әртүрлі құндылықтар және құжаттар
- 7345 Сақтауға қабылданған қымбат металдар

- 7360 Сақтауға қабылданған акциялар және бағалы қағаздар
- 7363 "Депо" есепшоттары
- 7400 Сақтауға қабылданған жинақтау зейнетақы қорларының зейнетақы активтері
- 7401 Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді бағалы қағаздары
- 7402 Қазақстан Республикасының мемлекеттік орташа мерзімді бағалы қағаздары
- 7403 Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді бағалы қағаздары
- 7404 Қазақстандық қор биржасының "А" санаты бойынша ресми тізімге кіргізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар
- 7405 Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары
- 7406 Екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер
- 7407 Басқа зейнетақы активтері
- 7500 Клиенттердің сеніп (трастық) басқарудағы активтері
- 7510 Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы ақша
- 7520 Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы бағалы қағаздар
- 7530 Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы аффинирленген бағалы металдар
- 7540 Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы басқа да активтер

3 Тарау. ЕСЕПШОТТАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

1001. Кассадағы бар ақша (актив).

Есепшоттың мақсаты: Банк кассасындағы қолма-қол ақшаны есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк кассасына түскен ақша сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банк кассаларынан шығатын қолма-қол ақша сомалары есептен шығарылады.

1002. Жолдағы банкноттар мен металл ақшалар (актив). Есепшоттың мақсаты : Банктің бір бөлімшесінен екінші бөлімшесіне немесе басқа банкке жіберілген банкноттар мен металл ақшаның сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің бір бөлімшесінен екінші бөлімшесіне немесе басқа банкке жіберілген банкноттар мен металл ақшаның сомалары өткізіледі. Есепшоттың

кредиті бойынша жіберілген банкноттар мен металл ақшаның сомалары алушыдан қолма-қол ақшаның түскені туралы растау келгеннен кейін есептен шығару өткізіледі.

1003. Айырбастау пункттеріндегі бар ақша (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің ақша айырбастау пунктінің қызметкерлеріне кейін есеп беруге берілген қолма-қол ақшаны есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің ақша айырбастау пунктінің қызметкеріне кейін есеп беруге берген қолма-қол ақшаның сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша берілген ақшаның - ақша айырбастау пункттерінің қызметкерлері есеп берулеріне сәйкес сатқан сомасы және кассаға

қайтарылған қолма-қол ақшаның сомасын есептен шығару өткізіледі.

1004. Аффинирленген қымбат металдар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің аффинирленген қымбат металдарының құнын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша банктің аффинирленген қымбат металдарының құны өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша банктің балансынан кеткен аффинирленген қымбат металдарының құнын есептен шығару өткізіледі.

1005. Банкоматтардағы қолма-қол ақша (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің банкоматтарындағы қолма-қол ақшаны есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің банкоматтарына түскен ақша сомалары өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша банктің банкоматтарынан шығатын қолма-қол ақшаны есептен шығару өткізіледі.

1006. Жолдағы аффинирленген қымбат металдар (актив). Есепшоттың мақсаты: Жолдағы аффинирленген қымбат металдардың құнын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша жолдағы аффинирленген қымбат металдардың құны өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша алушыдан аффинирленген қымбат металдарды алғаны жайлы растау немесе аванс есебі түскеннен кейін банктің аффинирленген

қымбат металдарының құнын есептен шығару өткізіледі.

1051. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі банктің корреспонденттік есепшоты (актив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған банктің корреспонденттік есепшотындағы қаражатты есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік есепшотына түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік есепшотынан қаражатты есептен шығару өткізіледі.

1052. Банктің басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттары (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің басқа банктерде ашқан корреспонденттік есепшоттарындағы қаражатты есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің корреспондент-банкте ашқан корреспонденттік есепшотына түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктің корреспондент-банкте ашқан корреспонденттік есепшотындағы сомаларды есептен шығару өткізіледі.

1053. Банктің басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттары бойынша оқшауланған берешегі (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің корреспонденттік-банктерде ашқан корреспонденттік есепшоттары бойынша оқшауланған берешегін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің корреспондент-банкте ашқан корреспонденттік есепшоты бойынша оқшауланған берешегінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша корреспондент-банк қайтарған кезде банктің корреспонденттік есепшоты бойынша оқшауланған берешегінің сомаларын есептен шығару өткізіледі.

1101. Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі депозиттері (бір түнге) (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде бір түнге орналастырған депозиттер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде бір түнге орналастырған депозиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған депозиттер сомаларын есептен шығару өткізіледі.

1102. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі мерзімді депозиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде мерзімді депозиттерге орналастырылған банк қаражаттарын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі

мерзімді депозиттерге аударылған төлемдердің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған мерзімді депозиттердің сомаларын есептен шығару өткізіледі.

1103. Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі міндетті резервтері (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі міндетті резервтерге орналастырған қаражаттарын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі міндетті резервтерге аударылған төлемдер сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған міндетті резервтерінің сомаларын есептен шығару өткізіледі.

1151. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары (актив). Есепшоттың мақсаты: Банк сатып алған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарының құнын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк сатып алған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарының құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банк сатқанда немесе эмитент өтегенде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарының құнын есептен шығару өткізіледі.

1152. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелері (актив). Есепшоттың мақсаты: Банк сатып алған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерінің құнын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк сатып алған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерінің құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банк сатқанда немесе эмитент өтегенде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерінің құнын есептен шығару өткізіледі.

1153. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигациялары (актив). Есепшоттың мақсаты: Банк сатып алған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларының құнын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк сатып алған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларының құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банк сатқанда немесе эмитент өтегенде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерінің құнын есептен шығару өткізіледі.

1155. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы

үшін жарамды басқа жоғары өтімді бағалы қағаздар. Есепшоттың мақсаты : Банк сатып алған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін жарамды басқа жоғары өтімді бағалы қағаздардың құнын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк сатып алған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін жарамды басқа жоғары өтімді бағалы қағаздардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банк сатқанда немесе эмитент өтегенде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін жарамды басқа жоғары өтімді бағалы қағаздардың құнын есептен шығару өткізіледі.

1201. Сатуға арналған кіріс белгіленген бағалы қағаздар (актив). Есепшоттың мақсаты: Келешек қайта сату мақсатымен сатып алынған кіріс белгіленген бағалы қағаздардың құнын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алу бағасы бойынша сатып алынған кіріс белгіленген бағалы қағаздардың құны олар бойынша бұрын есептелген сыйақы (мүдде) сомасы есептен шығарылып өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банк кіріс белгіленген бағалы қағаздарды сатқандағы құнын есептен шығару өткізіледі.

1202. Сатуға арналған кіріс белгіленбеген бағалы қағаздар (актив). Есепшоттың мақсаты: Келешек қайта сату мақсатымен сатып алынған кіріс белгіленбеген бағалы қағаздарды (акцияларды) есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алу бағасы бойынша сатып алынған акциялардың құны өткізіледі . Есепшоттың кредиті бойынша сатылған акциялардың құны және алынған дивидендтердің есебінен акциялардың рыноктық құнының азаю сомалары өткізіледі. Бағалы қағаздардың қайта бағалануы кірістер немесе шығыстар есепшотына жіберіледі.

1251. Басқа банктерде орналастырылған депозиттер (бір түнге) (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған овернайт депозиттерінің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша депозитке аударылатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған депозиттердің сомалары өткізіледі.

1252. Басқа банктерде орналастырылған қысқа мерзімді депозиттер (1 айдан кем) (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерде бір айдан кем мерзімге орналастырылған

депозиттердің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша депозитке аударылатын сомалар өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған депозиттердің сомалары өткізіледі.

1253. Басқа банктерде орналастырылған қысқа мерзімді депозиттер (1 жылдан кем) (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерде бір жылдан кем мерзімге орналастырылған депозиттердің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша депозитке аударылатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған депозиттердің сомалары өткізіледі.

1254. Басқа банктерде орналастырылған орташа мерзімді депозиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерде бір жылдан үш жылға дейін мерзімге орналастырылған депозиттердің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша депозитке аударылатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған депозиттердің сомалары өткізіледі.

1255. Басқа банктерде орналастырылған ұзақ мерзімді депозиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерде үш жылдан артық мерзімге орналастырылған депозиттердің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша депозитке аударылатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банкке қайтарылған депозиттердің сомалары өткізіледі.

1256. Депозиттер бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегі (актив). Есепшоттың мақсаты: Есепшоттар бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің мерзімі асқан берешегінің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша депозиттер бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің мерзімі асқан берешегінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша депозиттер бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің мерзімі асқан берешегін өтеуге түсетін сомалар және оқшауланған берешекке жатқызылған сомалар өткізіледі.

1257. Депозиттер бойынша басқа банктердің оқшауланған берешектері (актив). Есепшоттың мақсаты: Есепшоттар бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің оқшауланған берешегінің сомаларын есепке

алу. Есепшоттың дебеті бойынша депозиттер бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің оқшауланған берешегінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша депозиттер бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің оқшауланған берешегін өтеуге түскен сомалар және баланстан шығарылған депозиттердің сомалары өткізіледі.

1269. Басқа банктерде орналастырылған депозиттер бойынша арнайы қорлар (провизиялар) (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған депозиттер бойынша арнайы қорлардың (провизиялардың) сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша жойылған қорлардың жалпы қорларға аударылған сомалары және депозиттер бойынша оқшауланған берешекті баланстан шығару үшін пайдаланылатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша депозиттер бойынша жасалатын қорлардың (провизиялардың) сомалары өткізіледі.

1301. Басқа банктердің корреспонденттік есепшоттары бойынша овердрафт кредиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктердің корреспонденттік есепшоттарындағы дебеттік қалдықты есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген овердрафт сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша өтелген овердрафтың сомалары, 1306 немесе 1307 баланстық есепшоттарға жіберілген берешектердің сомалары өткізіледі.

1302. Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді кредиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір жылға дейін мерзімге берілген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген қысқа мерзімді кредиттердің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша қайтарылатын қысқа мерзімді кредиттердің сомалары, 1306 немесе 1307 баланстық есепшоттарға жатқызылған берешектердің сомалары шығарылады.

1303. Басқа банктерге берілген орташа мерзімді кредиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір жылдан үш жылға дейін мерзімге берілген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген орташа мерзімді кредиттердің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша қайтарылатын орташа мерзімді кредиттердің сомалары, 1306 немесе 1307 баланстық есепшоттарға жатқызылған берешектердің сомалары шығарылады.

1304. Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді кредиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге үш жылдан астам мерзімге берілген кредиттерді есепке

алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді кредиттердің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша қайтарылатын ұзақ мерзімді кредиттердің сомалары, 1306 немесе 1307 баланстық есепшоттарға жатқызылған берешектердің сомалары шығарылады.

1305. Басқа банктерге қаржылық лизинг (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген қаржылық лизинг бойынша негізгі қарыздың сомалары есепке алынады. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген қаржылық лизингтің сомалары, сондай-ақ басқа банктердің берген қаржылық лизингі бойынша сатып алынған талаптарының сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша берілген қаржылық лизинг бойынша берешекті өтеуге түсетін сомалар, 1306 немесе 1307 баланстық есепшоттарға жатқызылған берешектердің сомалары өткізіледі.

1306. Банктің кредиттері бойынша басқа банктердің мерзімін өткізіп алған берешектері (актив). Есепшоттың мақсаты: Кредиттер бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің мерзімі асқан берешекті есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша кредиттер бойынша басқа банктердің мерзімі асқан берешектерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредиттер бойынша банктердің мерзімі асқан берешегін өтеуге түсетін сомалар; Оқшауланған берешекке жатқызылған сомалар өткізіледі.

1307. Банктің кредиттері бойынша басқа банктердің оқшауланған берешектері (актив). Есепшоттың мақсаты: Кредиттер бойынша басқа банктердің оқшауланған берешегінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктердің кредиттер бойынша оқшауланған берешегін өтеуге түсетін сомалар және баланстан шығарылған кредиттердің сомалары өткізіледі.

1339. Басқа банктерге берілген кредиттер бойынша арнайы қорлар (провизиялар) (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген кредиттер бойынша арнайы қорлардың (провизиялардың) сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша жойылған қорлардың жалпы қорларға аударылған сомалары және кредиттер бойынша оқшауланған берешектің балансынан шығару үшін пайдаланылатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредиттер бойынша жасалатын қорлардың (провизиялардың) сомалары өткізіледі.

1351. Банктің бас бөлімшесімен есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің бас бөлімшесімен филиалдардың есеп-айырысуы бойынша

сомаларды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша берілген ақшаның, кредиттік қорлардың, алынған аударымдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша 2151 баланстық есепшотпен сальдолаудың сомалары өткізіледі.

1352. Банктің жергілікті филиалдарымен есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің жергілікті филиалдарымен есеп айырысулары бойынша сомаларды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша берілген ақшаның, кредиттік қорлардың, алынған аударымдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша 2152 баланстық есепшотпен сальдолаудың сомалары өткізіледі.

1353. Банктің шетел филиалдарымен есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің шетелдік филиалдарымен есеп айырысу бойынша сомаларды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша берілген ақшаның, кредит ресурстарының, алынған аударымдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша 2153 баланстық есепшотпен сальдолаудың сомалары өткізіледі.

1401. Клиенттерге берілген овердрафт кредиттері (актив). Есепшоттың мақсаты: ағымдағы төлемдерді төлеу үшін клиенттерге берілген овердрафтар сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің тапсырмасы бойынша контрактіні төлеу үшін берілген овердрафтарды сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша овердрафтардың өтеу есепшотына түсетін сомалар өткізіледі немесе N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшотқа жататын овердрафтарды сомалары өткізіледі.

1403. Клиенттердің кредиттік карталары бойынша есепшоттар (актив). Есепшоттың мақсаты: Иесіне кредиттік карточка ашылған кредит желісі бойынша банк берген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берілген сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредит бойынша берешекті өтеуге түскен немесе N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшотқа жататын сомалар өткізіледі.

1405. Клиенттердің есепке алынған векселдері (актив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің банк есепке алған векселдері сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің сатып алған (есепке алған) векселдерінің нақты құнының сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктің сатып алған векселдерін төлеуге түскен сомалар, сондай-ақ N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшотқа жататын сомалар өткізіледі.

1407. Клиенттерге факторинг (актив). Есепшоттың мақсаты: Банкке берілген клиенттердің қарызы бойынша талаптардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша үшінші адамдарға берілген талаптар сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша берілген талаптар бойынша клиенттердің берешегін өтеуге түскен сомалар, сондай-ақ N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшотқа жататын сомалар өткізіледі.

1411. Клиенттерге берілген қысқа мерзімді кредиттер (активтер). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге бір жылға дейінгі мерзімге берілген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берілетін кредиттердің сомалары, сондай-ақ басқа банктердің қысқа мерзімді кредиттері бойынша сатып алынған талаптардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредит бойынша берешекті өтеуге түскен сомалар, басқа банкке қысқа мерзімді кредиттер бойынша өткізілген талаптардың сомалары, сондай-ақ N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға жататын берешектің сомалары өткізіледі.

1414. Клиенттерге берілген орташа мерзімді кредиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге берілген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берілетін кредиттердің сомалары, сондай-ақ басқа банктердің орташа мерзімді кредиттері бойынша сатып алынған талаптардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредит бойынша берешекті өтеуге түскен сомалар, басқа банкке орташа мерзімді кредиттер бойынша өткізілген Банктің талаптардың сомалары, сондай-ақ N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға жататын берешектің сомалары өткізіледі.

1417. Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді кредиттер (актив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге үш жылдан артық мерзімге берілген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берілетін кредиттердің сомалары, сондай-ақ басқа банктердің ұзақ мерзімді кредиттері бойынша сатып алынған талаптардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредит бойынша берешекті өтеуге түскен сомалар, басқа банкке ұзақ мерзімді кредиттер бойынша өткізілген талаптардың сомалары, сондай-ақ N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға жататын берешектің сомалары өткізіледі.

1420. Клиенттерге қаржылық лизинг (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің клиенттеріне берілген қаржылық лизинг бойынша негізгі қарыздың сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша берілген қаржылық лизинг сомалары,

сондай-ақ басқа банктердің берілген қаржылық лизинг бойынша сатып алынған талаптардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша берілген қаржылық лизинг бойынша берешекті өтеуге түскен сомалар, басқа банкке берілген қаржылық лизинг бойынша өткізілген талаптардың сомалары, сондай-ақ N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға жататын берешектің сомалары өткізіледі.

1422. Клиенттерге форфейтинг (актив). Есепшоттың мақсаты: Тауарларды, жұмысты немесе қызмет көрсетулерді сатып алушы-клиенттердің міндеттемелері бойынша сатушыға айналымсыз сатып алынған орташа мерзімді сауда талаптарының сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша орташа мерзімді сауда талаптары бойынша төленген сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттердің орташа сауда талаптарын өтеуге түскен сомалар, сондай-ақ N 1424 немесе N 1427 баланстық есепшоттарға жататын берешектің сомалары өткізіледі.

1424. Кредиттер бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешектері (актив). Есепшоттың мақсаты: Кредит бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша кредиттер бойынша клиенттердің берешек сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттердің кредиттер бойынша мерзімі өткен берешегін өтеуге түскен сомалар; оқшауланған берешекке жататын сомалар өткізіледі.

1425. Клиенттер қарсылық білдірген вексельдер (актив). Есепшоттың мақсаты: Қарсылық білдірген вексельдерінің, яғни акцептеуде немесе төлем жасауға қарсылық білдірген вексельдердің номиналдық құнының сомасын есептеу. Есепшоттың дебеті бойынша төлем жасаушы акцептеуге не төлем жасауға бас тартқан қарсылық білдірген вексельдердің номиналдық құнының сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша төлем жасаушы төлем жасаған не банк құрылған провизиялар (резервтер) есебінен баланстан шығарған жағдайда қарсылық білдірген вексельдердің номиналдық құнының сомасын есептен шығару өткізіледі.

1427. Кредиттер бойынша клиенттердің оқшауланған берешектері (актив). Есепшоттың мақсаты: Кредит бойынша қарыздың негізгі сомасы бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша кредиттер бойынша клиенттердің оқшауланған берешек сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген клиенттердің оқшауланған

берешегін өтеуге түскен сомалар және баланстан есептен шығарылған кредиттер сомалары өткізіледі.

1439. Клиенттерге берілген кредиттер бойынша арнайы қорлар (провизиялар) (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге берілген кредиттер бойынша арнайы қордың (провизияның) сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша жалпы қорға аударылған жойылған қордың сомалары және кредиттер бойынша оқшауланған берешекті баланстан есептен шығару үшін пайдаланатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредиттер бойынша қор (провизия) жасалатын сомалар өткізіледі.

1440. Клиенттерге берілген басқа кредиттер. Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге берілген басқа кредиттер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа кредиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша басқа кредиттерді өтеуге түскен сомалар, оқшауланған берешекке жататын сомалар өткізіледі.

1451. Өтелгенге дейінгі ұсталатын кіріс белгіленген бағалы қағаздар (актив). Есепшоттың мақсаты: Толық өтелгенге дейін оларды ұстау мақсатымен сатып алынған кіріс белгіленген бағалы қағаздарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алынған өтеуге дейін ұсталатын кіріс белгіленген бағалы қағаздардың номиналдық құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша бағалы қағаздарды өтегенде оның номиналдық құны есептен шығарылады. Бұрын есептелінген сыйақыға байланысты номиналдық құны және сатып алу құны арасындағы айырма N 1804 есепшотына жатады. Рынокта қалыптасқан бағаға байланысты номиналдық құны және сатып алу құны арасындағы айырма - сәйкес N 1802 немесе N 2802 есепшоттарына жатады.

1452. Сатуға арналған кіріс белгіленген бағалы қағаздар (актив). Есепшоттың мақсаты: Кіріс белгіленген бағалы қағаздарды есепке алу, мына жағдайда: рыноктағы сыйақының ставкасы өзгергенде, өтімділігін қолдау қажеттігі болғанда, инвестициялардың басқа түрлері бойынша кіріс ұлғайғанда сатылуы мүмкін. Есепшоттың дебеті бойынша оған бұрын есептелген сыйақы сомаларын ұстап қалып, сатып алу бағасымен сатып алынған кіріс белгіленген бағалы қағаздардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша сатылған немесе өтелетін кіріс белгіленген бағалы қағаздардың құны өткізіледі. Кіріс белгіленген сатуға арналған бағалы қағаздардың бұрын есептелінген сыйақы сомасы N 1804 есепшоттың дебетіне жатады.

1454. Сатуға жарамды кіріс белгіленбеген бағалы қағаздар (актив).
Есепшоттың мақсаты: Кіріс белгіленбеген бағалы қағаздарды (акцияларды) есепке алу, мына жағдайда: рыноктағы сыйақының (мүдденің) ставкасы өзгергенде, өтімділігін қолдау қажеттігі болғанда, инвестициялардың басқа түрлері бойынша кіріс ұлғайғанда сатылуы мүмкін. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алу бағасымен сатып алынған акциялардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша сатылған акциялардың құны және алынған дивидендтердің есебінен акциялар құнының азаю сомалары өткізіледі. N 1452 және N 1454 есепшоттар бойынша бағалау іске асырылмаған кірістің (шығындар) есепшотына жатады. Бағалы қағаздарды сатқанда іске асырылған кіріс кірістер немесе шығыстар есепшотына жатады. Кіріс белгіленген сатуға арналған бағалы қағаздардың бұрын есептелінген сыйақы сомасы есепшоттың дебетіне жатады.

1456. "Кері репо" операциялары (актив).
Есепшоттың мақсаты: "Кері репо" операциялары бойынша берілген және қайтарылған ақшаны есепке алу.
Есепшоттың дебеті бойынша "Кері репо" операциялары бойынша берілген ақша сомалары өткізіледі.
Есепшоттың кредиті бойынша "Кері репо" операциялары бойынша бұрын берілген және қайтарылған ақша сомалары өткізіледі.

1465. Кредиттік қызметтің шығындарын жабатын жалпы қорлар (провизиялар) (контрактивтік).
Есепшоттың мақсаты: Кредит қызметінің шығындарын жабуға жалпы қорлар (провизиялар) сомаларын есепке алу.
Есепшоттың дебеті бойынша арнайы қорларға аударылған және жойылған қорлар сомалары өткізіледі.
Есепшоттың кредиті бойынша жалпы қорлар (провизиялар) жасайтын сомалар өткізіледі.

1469. Банктің басқа қызметінің шығындарын жабуға жалпы қорлар (провизиялар) (контрактивтік).
Есепшоттың мақсаты: Банктің басқа қызметінің шығындарын жабуға жалпы қорлардың (провизиялардың) сомаларын есепке алу.
Есепшоттың дебеті бойынша жойылған, пайдаланылған қорлар және арнайы қорларға аударылған сомалар өткізіледі.
Есепшоттың кредиті бойынша жалпы қорлар (провизиялар) жасайтын сомалар өткізіледі.

1471. Еншілес ұйымдарға инвестициялар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Еншілес компанияларға инвестициялар сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша еншілес компанияларға салынған инвестициялар сомалары өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша еншілес компанияларға инвестициялар сомалары есептен шығарылады.

1472. Ассоциацияланған ұйымдарға инвестициялар (актив). Есепшоттың мақсаты: Қауымдасқан компанияларға инвестициялар сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша қауымдасқан компанияларға инвестициялар сомалары есептен шығарылады.

1475. Субординирленген қарызға инвестициялар (актив). Есепшоттың мақсаты: Субординирленген борышқа салынған сомаларды есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша субординирленген борышқа салынған инвестициялар сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша есептен шығарылған инвестициялар сомалары өткізіледі.

1551. Басқа банктермен есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Корреспондент-банктер арасында клиринг кезінде өзара өтейтін сомаларды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктер төлеуге ұсынған төлем құжаттарының сомалары; банктің пайдасына түсетін төлемдер сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша N 2551 баланстық есепшотпен сальдолау және корреспонденттік есепшотқа кіргізу өткізіледі.

1552. Клиенттермен есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттер арасында клиринг кезінде өзара өтейтін сомаларды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша клиентпен акцепт үшін түскен төлем құжаттарының сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша N 2552 баланстық есепшотпен сальдоланған сомалар немесе клиентпен акцептелмеген төлем құжаттарының немесе клиенттің есеп айырысу шотынан шығарылған сомалары өткізіледі.

1601. Аффинирленбеген қымбат металдар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банкке және оның клиенттеріне тиесілі қоймаларда сақтаулы тұрған (алтын, күміс, платиналар, платина тобындағы металдар) құймадағы, түйіршікті, ұнтақты, тұзды қоспадағы аффинирленбеген қымбат металдарды, қымбат металдардан жасалған металл ақшаларды, сондай-ақ қымбат металдары бар зергерлік бұйымдарды және асыл тастарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша есепке кіргізілген аффинирленбеген қымбат металдардың, асыл тастардың және одан жасалған бұйымдардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша химиялық талдау кезінде, біріккен посылкаларда металдарды ажыратқан кезде есептен шығарылған, ішкі қайта орналастыру немесе сату үшін берілген аффинирленбеген қымбат металдардың, асыл тастардың және одан жасалған бұйымдардың құны өткізіледі.

1602. Басқа материалдық қорлар (актив). Есепшоттың мақсаты: Әкімшілік-шаруашылық қызметін қамтамасыз ету, үйлерді (өзінің, жалға алған) жөндеу үшін қажетті, сондай-ақ басқа мақсаттар үшін материалдар қорын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк сатып алған қоймадағы материалдардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша мақсат сай қоймадан есептен шығарылған материалдардың құны өткізіледі.

1651. Салынып жатқан (орнатылатын) негізгі құралдар (актив). Есепшоттың мақсаты: Құрылысқа және негізгі құралдарды орнатуға кеткен шығыстарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша құрылысқа және негізгі құралдарды орнатуға кеткен шығыстар құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша біткен жұмыстың қабылдау актілері негізінде жасалған шығыстар сомалары өткізіледі.

1652. Жер, үйлер және ғимараттар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банкке тиесілі жер, қызмет және тұрғын үйлерді, ғимараттарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша мақсатқа сай пайдалану үшін жұмыс істеу жағдайына келтіргенімен тікелей байланысты пайдалануға қабылдау туралы акті негізінде үй және ғимарат құрылысы бойынша барлық шығындардың құны немесе сатып алу-сату туралы шарт немесе жерді пайдалану акті негізінде жер, үйлер және ғимараттарының немесе банктің барлық шығындарының құны өткізіледі (ресімдеу шығыстары, заңгерлердің көрсеткен қызметі және басқалар). Есепшоттың кредиті бойынша қолданылып жүрген заңдарда көзделген есептен шығару актісі негізінде, сатып алу-сату туралы шарт және басқа да негіздерде жер, үйлер және ғимараттардың құнын есептен шығару құны өткізіледі.

1653. Компьютерлік жабдық (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің

компьютерлік жабдығын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша пайдалануға қабылдау немесе тауар құжаттамасы актісі негізінде компьютер жабдығының құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша есептен шығару актісі немесе сатып алу-сату шарты негізінде есептен шығарылған немесе сатылған компьютер жабдығының құны өткізіледі.

1654. Басқа негізгі құралдар (актив). Есепшоттың мақсаты: материал емес активтерге, үйлерге және ғимараттарға балансқа қабылданған кепілге салынған мүлікке жатпайтын басқа негізгі құралдарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алынған басқа негізгі құралдардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша есептен шығарылған немесе сатылған басқа негізгі құралдардың құны өткізіледі.

1655. Қаржылық лизингке қабылданған негізгі құралдарды (актив). Есепшоттың мақсаты: Қаржылық лизингке қабылданған негізгі құралдардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша қаржылық лизингке қабылданған негізгі құралдардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша қаржылық лизингтің қолданылу мерзімі өткені бойынша оған қабылданған негізгі құралдардың құны есептен шығарылады.

1656. Жалға беруге арналған негізгі құралдар (актив). Есепшоттың мақсаты: Жалға беруге арналған негізгі құралдардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша жалға беруге арналған негізгі құралдардың құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша жалға беруге арналған негізгі құралдардың құны есептен шығарылады.

1657. Жалданған үйлер бойынша капиталдық шығындар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банк жалға алған үйлерін қайта конструкциялауға кеткен капиталдық шығындарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша жалға алынған үйлерді қайта конструкциялауға кеткен капиталдық шығындар сомаларының құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша үйлерді қайта конструкциялау біткенде жалға алынған үйлер бойынша капиталдық шығындар құны есептен шығарылады.

1658. Көлік құралдары (актив). Есепшоттың мақсаты: Көлік құралдарының есебін жүргізу. Есепшоттың дебеті бойынша пайдалануға қабылдау туралы акт немесе қосымша құжаттар негізінде көлік құралдарының құны өткізіледі. Есепшот кредиті бойынша есептен шығару туралы акт немесе сатып алу-сату шарты негізінде есептен шығарылған немесе сатылған көлік құрал-жабдықтарының құны өткізіледі.

1659. Материалдық емес активтер (актив). Есепшоттың мақсаты: Банкке

тиесілі материалдық емес активтерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша қабылдау актісі немесе басқа да құжаттар негізінде ендіру бойынша материалдық емес активтердің құны өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша есептен шығару туралы акт немесе сатып алу-сату шарты негізінде есептен шығарылған материалдық емес активтер құны өткізіледі.

1692. Үйлер және ғимараттар бойынша есептелген амортизация (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Үйлер және ғимараттар бойынша амортизациялық аударымдардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша үйлер және ғимараттар бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша негізгі құралдарды істен шығарғанда, есептен шығарғанда немесе сатқанда амортизациялық аударымдардың сомалары есептен шығарылады.

1693. Компьютерлік жабдық бойынша есептелген амортизация (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Компьютерлік жабдық бойынша амортизациялық аударымдардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша компьютерлік жабдық бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша компьютерлік жабдықты істен шығарғанда, есептен шығарғанда немесе сатқанда есептелген амортизациялық аударымдардың сомалары есептен шығарылады.

1694. Басқа негізгі құралдар бойынша есептелген амортизация (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Қаржы-шаруашылық қызметіне қатыспайтын мүлік бойынша амортизациялық аударымдардан басқа негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа негізгі құралдар бойынша есептелінген амортизациялық аударымдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша негізгі құралдарды істен шығарғанда, есептен шығарғанда немесе сатқанда есептелген амортизация сомалары есептен шығарылады.

1695. Қаржылық лизинг бойынша алынған негізгі құралдар бойынша есептелген амортизация (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Қаржылық лизинг бойынша алынған негізгі құралдардың түрлері бойынша амортизациялық аударымдардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа негізгі құралдар бойынша есептелінген амортизациялық аударымдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша қаржылық мерзімі өтуі бойынша негізгі құралдарды істен шығарғанда, есептен шығарғанда немесе сатқанда есептелген амортизация сомалары есептен шығарылады.

1696. Жалға беруге арналған негізгі құралдар бойынша есептелген амортизация (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Жалға өткізуге арналған негізгі құралдардың түрлері бойынша амортизациялық аударымдардың сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа негізгі құралдардың амортизациясының есеп айырысу ведомосі негізінде есептелінген амортизациялық аударымдар сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша негізгі құралдарды істен шығарғанда, есептен шығарғанда немесе сатқанда есептелген амортизация сомалары есептен шығарылады.

1697. Жалға алынған үйлер бойынша капиталдық шығындарға есептелген амортизация (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Банк жалға алған үйлер бойынша капиталдық шығындар бойынша амортизациялық аударымдар сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша банк жалға алған үйлер бойынша капиталдық шығындар бойынша есептелген амортизациялық аударымдар сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша капиталдық шығындардың толық амортизациясынан кейін есептелген амортизация сомалары есептен шығарылады.

1698. Көлік құралдары бойынша есептелген амортизация (контрактивтік).

Есепшоттың мақсаты: Көлік құралдары бойынша амортизациялық аударымдар сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша көлік құралдары бойынша амортизациялық аударымдар сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша көлік құралдарын есептен шығарғанда немесе сату кезінде есептелген амортизация сомасы жазылады.

1699. Материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация (контрактивтік).

Есепшоттың мақсаты: Материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша істен шыққан, есептен шығарылған материалдық емес активтер құны өткізіледі.

1705. Банктің корреспонденттік есепшоттары бойынша есептелген кірістер.

Есепшоттың мақсаты: Корреспонденттік есепшоттар бойынша есептелген кірістерді есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты есептелген кірістің сомалары өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша төленген немесе мерзімі өткен кірістің сомалары өткізіледі.

1710. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде орналастырылған

депозиттер бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Ұлттық Банкте орналастырылған депозиттер бойынша түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты есептелген кірістің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша түскен кірістің сомалары немесе мерзімі өткен немесе оқшауланған берешектің сомалары өткізіледі.

1715. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде қайта қаржыландыру үшін қолайлы жоғары өтімді бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты Ұлттық Банк қайта қаржыландыру үшін жарамды жоғары өтімді бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша түскен кірістің сомалары немесе мерзімі өткен немесе оқшауланған берешектің сомалары өткізіледі.

1720. Сатуға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Төлемі келешекте жасалуы тиіс осы кезеңге қатысты сатуға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша бағалы қағаздарды сатудан түскен кірістің сомалары өткізіледі.

1725. Басқа банктерде орналастырылған депозиттер бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Төлемі келешекте жасалуы тиіс осы кезеңге қатысты банктің басқа банктерде орналастырылған депозиттері бойынша есептелген кірістің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша

банктің басқа банктерде орналастырылған депозиттері бойынша түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша түскен кірістің сомалары немесе мерзімі өткен берешектің сомалары өткізіледі.

1730. Басқа банктерге берілген кредиттер бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты сатуға банктерге берілген кредиттер бойынша есептелген кірістердің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша түскен кірістің сомалары немесе мерзімі өткен берешектің сомалары өткізіледі.

1731. Басқа банктерге берілген кредиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы (актив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген кредиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша мерзімі өткен сыйақы сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша басқа банк төлеген, сондай-ақ баланстан есептен шығарылған сомалар өткізіледі.

1735. Банктің бас бөлімшесі мен жергілікті филиалдары арасында есеп айырысулар бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты банктің бас бөлімшесі мен жергілікті филиалдары арасында есеп айырысу бойынша есептелген кірістер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің бас бөлімшесі мен жергілікті филиалдары арасында есеп айырысу бойынша есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктің бас бөлімшесі мен жергілікті филиалдары арасында есеп айырысу бойынша түскен кірістің сомалары немесе мерзімі өткен берешектің сомалары өткізіледі.

1740. Клиенттерге берілген кредиттер бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты клиенттерге берілген кредиттер бойынша есептелген кірістің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша түскен кірістің сомалары немесе мерзімі өткен немесе оқшауланған берешектің сомалары өткізіледі.

1741. Клиенттерге берілген мерзімі өткен сыйақы (актив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге берілген мерзімі өткен сыйақы сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша мерзімі өткен сыйақы сомалары өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша басқа клиенттер төлеген, сондай-ақ баланстан есептен шығарылған мерзімі өткен сыйақы сомалары өткізіледі.

1745. Басқа бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер (актив).
Есепшоттың мақсаты: Түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты басқа бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер сомаларын есепке алу.
Есепшоттың дебеті бойынша есептелген кірістің сомалары өткізіледі.
Есепшоттың кредиті бойынша эмитент өтеуден түскен басқа бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер сомалары өткізіледі.

1747. Капиталға және субординирленген қарызға инвестициялар бойынша есептелген кірістер (актив). Есепшоттың мақсаты: Түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты басқа капиталға және субординирленген қарызға инвестициялар бойынша есептелген кірістер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша есептелген кірістің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша капиталға және субординирленген қарызға инвестициялар бойынша есептелген кірістер сомалары төленген кезде есептен шығарылады.

1748. Хеджирленген құралдар бойынша алуға есептелген кірістер (актив).
Есепшоттың мақсаты: Түсуі келешекте күтілетін осы кезеңге қатысты басқа хеджирленген құралдар бойынша есептелген кірістер сомаларын есепке алу.
Есепшоттың дебеті бойынша есептелген кірістің сомалары өткізіледі.
Есепшоттың кредиті бойынша хеджирленген құралдар бойынша есептелген кірістер сомалары төленген кезде есептен шығарылады.

1749. Басқа мерзімі өткен сыйақы (актив). Есепшоттың мақсаты: мерзімі өткен берешектер бойынша сыйақы және мерзімі өткен сыйақы сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа мерзімі өткен сыйақы сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша төленген кезде, сондай-ақ баланстан есептен шығарылған мерзімі өткен сыйақы сомалары өткізіледі.

1751. Алынған кредиттер және депозиттер бойынша сыйақыны алдын ала төлеу (актив).
Есепшоттың мақсаты: Алынған кредиттер және депозиттер бойынша сыйақының алдын ала төленген сомаларын есепке алу.
Есепшоттың дебеті бойынша болашақ кезеңге қатысты алынған кредиттер және депозиттер бойынша алдын ала төленген сыйақының сомалары өткізіледі.
Есепшоттың кредиті бойынша шығыстар есебінен есептен шығарылған сомалар

өткізіледі.

1791. Басқа алдын ала төлеулер (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа да алдын ала төленген шығыстар сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша алдын ала төленген шығыстар сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша шығыстар есебінен есептен шығарылған сомалар өткізіледі.

1801. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін қолайлы сатып алынатын жоғары өтімді бағалы қағаздар бойынша сыйлықтар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін қолайлы сатып алынатын жоғары өтімді бағалы қағаздардың номиналдық құнының үстіне олардың сатып алу бағасын көтеру мөлшерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін қолайлы сатып алынатын жоғары өтімді бағалы қағаздардың номиналдық құнының үстіне олардың сатып алу бағасын көтеру сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін қолайлы сатып алынатын жоғары өтімді бағалы қағаздардың номиналдық құнының үстіне олардың сатып алу бағасын көтеру сомаларын есептеу әдісіне сәйкес шығыстар есепшоттарына шығару өткізіледі.

1802. Басқа сатып алынатын жоғары өтімді бағалы қағаздар бойынша сыйлықтар (актив). Есепшоттың мақсаты: Бағалы қағаздардың нақты құнының үстіне дейін ұсталатын кіріс белгіленген олардың сатып алу бағасын көтеру мөлшерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша бағалы қағаздардың кіріс белгіленген нақты құнының үстіне олардың сатып алу бағасын көтеру сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша есеп беру кезеңінің аяғында өтеу немесе кіріске жатқызатын сәтінде кіріс белгіленген сатып алынатын бағалы қағаздары бойынша сыйақы есептелуіне немесе алынуына қарай есептен шығарылатын сыйлық ақылар сомалары өткізіледі.

1803. Айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша жеңілдіктер (актив). Есепшоттың мақсаты: Айналымға шығарылған бағалы қағаздардың сату бағасының үстіне олардың нақты құнын көтеру мөлшерін

есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша айналымға шығарылған бағалы қағаздардың сату бағасының үстіне олардың нақты құнын көтеру сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы есептелуіне немесе алынуына қарай шығысқа есептен шығарылатын жеңілдіктер сомалары өткізіледі.

1804. Бағалы қағаздарды сатып алынуына дейін есептелген сыйақы (актив). Есепшоттың мақсаты: Бағалы қағаздарды сатып алынуына дейін олар бойынша есептелген сыйақыны есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк бағалы қағаздарды сатып алған кезде бағалы қағаздарды сатып алынуына дейін олар бойынша есептелген сыйақы сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша бағалы қағаздарды эмитентпен төлеу кезінде олар бойынша сыйақы сомалары есептен шығарылады.

1851. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Салық бойынша және қормен есеп айырысулар бойынша аударылатын төлемдер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк салықтары төлемдерінің және қор төлемдерінің төленетін аванстық сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша 2851 баланстық есепшотпен сальдоланған сомалар өткізіледі.

1852. Делдалдармен есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Делдалдарға аударылатын төлемдер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша делдалдарға аударылатын аванстық төлемдер сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша делдалдарға бұрын аударылған қайтарылатын төлемдер сомалары өткізіледі.

1853. Акционерлермен есеп айырысулар (дивидендтер бойынша) (актив). Есепшоттың мақсаты: Банк алдын ала төлеген акциялардан дивидендтер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша акционерлерге аударылатын дивидендтер сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша акциялар бойынша есептелген сомалар өткізіледі.

1854. Банк қызметкерлерімен есеп айырысулар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банк қызметкерлеріне іссапарлар және басқа шығыстар бойынша төленетін аванс төлемдері сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банк қызметкерлеріне іссапарлар және басқа шығыстар бойынша аванс төлемдерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банк қызметкерлеріне іссапарларға және басқа да шығыстарға бұрын берілген қаражат сомалары

есептен шығарылады.

1855. Құжаттамалық есеп айырысулар бойынша дебиторлар (актив). Есепшоттың мақсаты: Импорт үшін құжаттамалық есеп айырысулар кезінде банктің оқшауланған қаражатын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша құжаттамалық есеп айырысуды орындайтын басқа банктегі жеке есепшотқа аударатын құжаттамалық есеп айырысулар бойынша дебиторлық берешек сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша құжаттамалық есеп айырысудың аяқталу кезінде басқа банктегі құжаттамалық есеп айырысулар бойынша дебиторлық берешек есепшотынан есептен шығарылатын сомалар; банктің корреспонденттік есепшотына, егер құжаттамалық есеп айырысу толық немесе ішінара орындалмаған жағдайда, қайтарылатын сомалар өткізіледі.

1856. Капиталдық салымдар бойынша дебиторлар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің капиталдық салымдары бойынша дебиторлық берешегін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің капиталдық салымдары бойынша дебиторлық берешегінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді балансқа отырғызғанда және пайдаланылмаған сомаларды қайтарғанда дебиторлық берешектің сомаларын есептен шығару өткізіледі.

1857. Мерзімінен бұрын кіріс салығы (актив). Есепшоттың мақсаты: Мерзімінен бұрын төленген табыс салығының сомаларын есепке алу (жалпы салық салу базасынан есептелген табыс салығы мен салық салынатын кірістен есептелген табыс салығының арасындағы теріс айырма). Есепшоттың дебеті бойынша мерзімінен бұрын төленген салықтардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша есеп берілетін жылға қатысты мерзімінен бұрын төленген салықтардың сомалары өткізіледі.

1858. Шетел валютасы бойынша банктің қысқа валюталық позициясы (актив). Есепшоттың мақсаты: Осы шетел валютасындағы активтердің үстіне шетел валютасындағы міндеттемелерін көтеру сомаларын көрсету. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алынған немесе алынған шетел валютасының сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша сатылған немесе жұмсалған шетел валютасының сомалары өткізіледі.

1859. Шетел валютасының теңгемен қарсы құны (ұзын валюта позициясы) (актив). Есепшоттың мақсаты: 2859 есепшоты бойынша есепке алынатын шетел валютасының теңгемен қарсы құнының сомаларын көрсету (ресми бағам

бойынша). Есепшоттың дебеті бойынша сатып алынған шетел валютасы қарсы құнының сомалары өткізіледі (ресми бағам бойынша). Есепшоттың кредиті бойынша сатылған шетел валютасы қарсы құнының сомалары өткізіледі (ресми бағам бойынша).

1860. Басқа дебиторлар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банктің уақытша және кездейсоқ сипаттамасы бар берешегінің сомаларын, басқа түскен сәтте есепшот бойынша өткізуге болмайтын мақсаты анықталмаған, сондай-ақ банктің шаруашылық қызметі бойынша есеп айырысулар сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктің дебиторлық берешегінің жинақталған сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша өтеу берешегінің есепшотына банктің дебиторлары аударатын сомалар өткізіледі.

1861. Кепілдік бойынша дебиторлар (актив). Есепшоттың мақсаты: Банк берген кепілдік бойынша дебиторлық берешек сомаларын есепке алу (клиентпен кредит келісіміне қол қойғанға дейін). Есепшоттың дебеті бойынша банк берген кепілдікке сәйкес банктің корреспонденттік есепшотынан есептен шығарылған сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша кредит түрінде ресімделген сомалар немесе банктің шығынына есептен шығарылған сомалар өткізіледі.

1862. Кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін банкке есептелген кіріс (актив). Есепшоттың мақсаты: Жасалған кастодиандық шартқа сәйкес банктің кастодиандық қызмет бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген кіріс сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша "Кастодиандық қызмет бойынша алынған комиссия түріндегі банктің кірісі" 4609 есепшот корреспонденциядағы кастодиандық қызмет бойынша банктің кастодиандық қызмет бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген кіріс сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша "Кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызмет үшін мерзімі өткен төлемдер" 1363 есепшотына олар түскен немесе аударылған кезде есептелген кірісті есептен шығару сомалары өткізіледі.

1863. Кастодиандық қызмет бойынша көрсетілген қызметке мерзімі өткен сыйақы (актив). Есепшоттың мақсаты: Кастодиандық қызмет бойынша көрсеткен қызметі үшін мерзімі өткен берешек сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Кастодиандық қызмет бойынша көрсеткен қызметі үшін мерзімі өткен берешек сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша мерзімі өткен берешекті өтеуге түскен сомалар өткізіледі.

1864. Банктің клиентке акцептер үшін талаптары (актив). Есепшоттың мақсаты: Акцептелген векселдер үшін клиентке банктің талаптары сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша акцептелген векселдер үшін клиентке банктің талаптары сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша клиентке талаптар сомаларын есептен шығару өткізіледі.

1870. Басқа транзиттік есепшоттар (актив). Есепшоттың мақсаты: Шетел валютасымен де, теңгемен де есепшот бойынша басқа сомаларды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша түскен басқа сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша тиісті шоттарға басқа сомаларды бөлгеннен кейін оларды шығару өткізіледі.

1880. Қаржылық фьючерстер бойынша дебиторлар (актив). Есепшоттың мақсаты: Фьючерстік мәмілелер бойынша дебиторлық берешектер сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша мәмілелер жасағанға дейін фьючерстік операциялар бойынша төленген сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша қаржылық фьючерстер бойынша есеп айырысу кезінде дебиторлық берешектер сомаларын есептен шығару өткізіледі.

1888. Аффинирленген қымбат металдар бойынша банктің қысқа позициясы (актив). Есепшоттың мақсаты: Аффинирленген қымбат металдар түріндегі банк міндеттемелерінің осы түріндегі аффинирленген қымбат металдардың активтерінен асып түсу сомаларын көрсету. Есепшоттың дебеті бойынша іске асырылған немесе жұмсалған аффинирленген қымбат металдардың сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша аффинирленген қымбат металдар бойынша қысқа позицияның сатып алынған аффинирленген қымбат металдардың сомалары есебінен жабылуы өткізіледі.

1889. Аффинирленген қымбат металдардың теңгемен қарсы құны (аффинирленген қымбат металдар бойынша ұзын позиция) (актив). Есепшоттың мақсаты: 2888 есепшоты бойынша есепке алынатын банктің аффинирленген қымбат металдардың қарсы құнының сомаларын көрсету. Есепшоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдардың қарсы құнының сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша іске асырылған немесе жұмсалған аффинирленген қымбат металдардың қарсы құнының сомасы өткізіледі.

1899. Банктің дебиторлық берешегі бойынша арнайы қорлар (провизиялар) (контрактивтік). Есепшоттың мақсаты: Дебиторлық берешек бойынша

арнайы қорлар (провизиялар) сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша жалпы қорлар аударылған жойылған қорлардың сомалары және дебиторлық берешекті баланстан шығару үшін пайдаланатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша дебиторлық берешек бойынша жасалатын қолдардың (провизиялардың) сомалары өткізіледі.

2011. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік есепшоттары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктегі сыйақы есептемейтін корреспонденттік есепшотындағы қаражатын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша корреспонденттік есепшоттан есептен шығарылған сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша корреспонденттік есепшотқа түскен сомалары өткізілген.

2012. Орталық шетелдік банктердің корреспонденттік есепшоттары. Есепшоттың мақсаты: Шетелдік орталық банктердің банктегі сыйақы есептелмейтін корреспонденттік есепшотындағы есепшотқа аударылатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша корреспонденттік есепшотқа түскен шетелдік орталық банктердің сомалары өткізіледі.

2013. Басқа банктердің корреспонденттік есепшоттары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Корреспондент-банктердің банктегі сыйақы есептелмейтін корреспонденттік есепшотындағы қаражатын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша корреспонденттік есепшоттан есептен шығарылған сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша корреспонденттік есепшотқа түскен сомалары өткізіледі.

2021. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік есепшоттары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктегі сыйақы есептелмейтін корреспонденттік есепшотындағы қаражатын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша корреспонденттік есепшоттан есептен шығарылған сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша корреспонденттік есепшотқа түскен сомалары өткізіледі.

2022. Орталық шетелдік банктердің корреспонденттік есепшоттары. Есепшоттың мақсаты: Шетелдік орталық банктердің банктегі сыйақы есептелмейтін корреспонденттік есепшотындағы қаражатын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша корреспонденттік есепшотқа аударылатын сомалар

өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша корреспонденттік есепшотқа түскен шетелдік орталық банктердің сомалары өткізіледі.

2023. Басқа банктердің корреспонденттік есепшоттары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Корреспондент-банктердің банктегі сыйақы есептелмейтін корреспонденттік есепшотындағы қаражатын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша корреспонденттік есепшоттан есептен шығарылған сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша корреспонденттік есепшотқа түскен сомалары өткізіледі.

2034. Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қысқа мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметі бір жылға дейінгі мерзімге берген қысқа мерзімді кредиттерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне банк қайтаратын қысқа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі берген қысқа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі.

2035. Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған орташа мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметі бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге берген орташа мерзімді кредиттерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне банк қайтаратын орташа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі берген орташа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі.

2036. Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған ұзақ мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметі үш жылдан артық мерзімге берген ұзақ мерзімді кредиттерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне банк қайтаратын ұзақ мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі берген ұзақ мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі.

2038. Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған кредиттер бойынша банктің мерзімі өткен берешегі (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған кредиттер бойынша банктің мерзімі өткен берешектерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектерін өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша берешектің сомалар өткізіледі.

2051. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Алынған кредиттерді пайдалануды және өтеуді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Ұлттық Банктің алынған кредиттерін өтеуге төленетін ақша сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша алынған кредиттердің сомалары өткізіледі.

2052. Орталық шетелдік банктерден алынған кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Алынған кредиттерді пайдалануды және өтеуді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша шетелдік орталық банктерден алынған кредиттерді өтеуге төленетін ақша сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша алынған кредиттердің сомалары өткізіледі.

2053. Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған кредиттерді есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша негізгі борышты өтеу сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған кредиттердің сомалары өткізіледі.

2054. Басқа банктерден алынған қысқа мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктер бір жылға дейінгі мерзімге берген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктер берген қысқа мерзімді кредиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша банк қайтаратын қысқа мерзімді кредиттердің сомалары өткізіледі.

2055. Басқа банктерден алынған орташа мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктер бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге берген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың бойынша кредиті басқа банктер берген орташа мерзімді кредиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша банк қайтаратын орташа мерзімді кредиттердің сомалары өткізіледі.

2056. Басқа банктерден алынған ұзақ мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктер үш жылдан артық мерзімге берген кредиттерді есепке алу. Есепшоттың бойынша кредиті басқа банктер берген ұзақ мерзімді кредиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша банк қайтаратын ұзақ мерзімді кредиттердің сомалары өткізіледі.

2057. Басқа банктерден алынған қаржылық лизинг (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерден алынған қаржылық лизинг бойынша негізгі борыштың сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша алынған қаржылық лизинг бойынша негізгі борыштың сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша алынған қаржылық лизинг бойынша негізгі борышты өтеу сомалары өткізіледі.

2058. Басқа банктерден алынған кредиттер бойынша банктің мерзімі өткен берешегі (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Банктің мерзімі өткен берешегін есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша негізгі борыштың сомасы бойынша мерзімі өткен берешекті өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша берешектер сомалары өткізіледі.

2059. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен және халықаралық қаржылық ұйымдардан алынған кредиттер бойынша банктің мерзімі өткен берешегі (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Ұлттық Банктен және Халықаралық Қаржы ұйымдарынан алынған кредиттер бойынша банктің мерзімі өткен берешегін есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша негізгі борыштың сомасы бойынша мерзімі өткен берешекті өтеуге төленетін сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша берешектің сомалары өткізіледі.

2064. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкке бір жылға дейінгі мерзімге берген қысқа мерзімді кредиттерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банктің қайтаратын қысқа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкке берген қысқа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі.

2065. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған орташа мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкке бір жылдан үш жылға дейін мерзімге берген орташа мерзімді кредиттерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банктің қайтаратын қысқа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкке берген орташа мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі.

2066. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді кредиттер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкке бір жылдан үш жылға дейін мерзімге берген ұзақ мерзімді кредиттерін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банктің қайтаратын ұзақ мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банкке берген ұзақ мерзімді кредиттерінің сомалары өткізіледі.

2068. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған кредиттер бойынша банктің мерзімі өткен берешегі (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған кредиттері бойынша банктің мерзімі өткен берешегін есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша негізгі борыштың сомасы бойынша мерзімі өткен берешекті өтеуге төленетін сомалар өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша берешектің сомалары өткізіледі.

2111. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған депозиттер (бір түнге) (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен бір түнге алынған депозиттердің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бір түнге алынған депозиттердің қайтарылған сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бір түнге депозиттеріне аударған сомалар өткізіледі.

2112. Орталық шетел банктерінен алынған депозиттер (бір түнге). Есепшоттың мақсаты: Орталық шетел банктерінен алынған бір түнге депозиттерінің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша орталық

шетел банктеріне бір түнге алынған депозиттердің қайтарылған сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша орталық шетел банктері бір түнге депозиттеріне аударған сомалар өткізіледі.

2113. Басқа банктерден алынған депозиттер (бір түнге) (пассив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерден бір түнге алынған депозиттерінің сомаларын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша банктерге бір түнге алынған депозиттердің қайтарылатын сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша банктер бір түнге депозиттеріне аударған сомалары өткізіледі.

2121. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді депозиттерінің сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алған мерзімді депозиттерінің сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қайтарылатын сомалар өткізіледі.

2122. Орталық шетелдік банктердің мерзімді депозиттері (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Шетелдік орталық банктердің мерзімді депозиттерінің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша шетелдік орталық банктерден алынған мерзімді депозиттердің сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша шетелдік орталық банктеріне қайтарылатын сомалар өткізіледі.

2123. Басқа банктердің қысқа мерзімді депозиттері (бір айдан кем) (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Банктерден бір айға дейінгі мерзімге қабылдаған депозиттерді есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктерден қабылданған қысқа мерзімді депозиттер сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге қайтарылатын қысқа мерзімді депозиттер сомалары өткізіледі.

2124. Басқа банктердің қысқа мерзімді депозиті (бір жылдан кем). Есепшоттың мақсаты: Банктерден бір жылға дейін мерзімге қабылданған депозиттерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктерден қабылданған қысқа мерзімді депозиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге қайтарылатын қысқа мерзімді депозиттер сомалары өткізіледі.

2125. Басқа банктердің орташа мерзімді депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктерден бір жылдан үш жылға дейін мерзімге қабылдаған депозиттерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктерден қабылданған орташа мерзімді депозиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге қайтарылатын депозиттер сомалары өткізіледі.

2127. Басқа банктердің ұзақ мерзімді депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерден үш жыл мерзімге қабылдаған депозит сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктер қабылданған ұзақ мерзімді депозиттер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге қайтарылатын ұзақ мерзімді депозиттердің сомалары өткізіледі.

2151. Банктің бас бөлімшесімен есеп айырысу (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктің бас бөлімшесімен есеп айырысу бойынша сомаларды есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша 1351 есепшотымен сальдолау сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша алынған ақша, кредит ресурстары, аударымдар сомалары өткізіледі.

2152. Банктің жергілікті филиалдарымен есеп айырысулар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктің жергілікті филиалдарымен есеп айырысу бойынша сомаларды есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша 1352 есепшотымен сальдолау сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша алынған ақша, кредит ресурстары, аударымдар сомалары өткізіледі.

2153. Банктің шетелдік филиалдарымен есеп айырысулар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Сыртқы филиалдармен есеп айырысу бойынша сомаларды есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша 1352 есепшотымен сальдолау сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша алынған ақша, кредит ресурстары, аударымдар сомалары өткізіледі.

2201. Республикалық бюджеттің қаражаттары (пассив). Есепшоттың мақсаты:

Республикалық бюджет қаражаттарын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша бюджетке түскен салықтар және басқа кірістер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша Республикалық бюджеттің пайдаланылған қаражаттарының сомалары өткізіледі.

2202. Жергілікті бюджеттің қаражаттары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Жергілікті бюджет қаражаттарын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша бюджетке түскен салықтар және басқа кірістер сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша Жергілікті бюджеттің пайдаланылған қаражаттарының сомалары өткізіледі.

2203. Клиенттердің ағымдағы есепшоттары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банкте ашылған клиенттердің ағымдағы есепшоттарындағы қаражаттарды есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша банкте ашылған клиенттердің есепшоттарына түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша банкте ашылған клиенттердің есепшоттарынан шығарылған сомалар өткізіледі.

2207. Клиенттердің металдық есепшоттары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерден уақытша сақтауға қабылданған аффинирленген металдардың (алтын немесе күміс) құнын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттерден уақытша сақтауға қабылданған аффинирленген металдардың (алтын немесе күміс) құны өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге қайтарылатын аффинирленген металдардың (алтын немесе күміс) құны өткізіледі.

2211. Клиенттердің талап етуіне дейінгі депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерден қабылданған талап етуіне дейінгі депозиттер сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттердің талап етуіне дейінгі депозиттеріне түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің талап етуіне дейінгі депозиттерін өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

2215. Клиенттердің қысқа мерзімді депозиттері (пассив): Есепшоттың мақсаты: Клиенттерден бір жылға дейінгі мерзімге қабылданған депозиттер сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді депозитке түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша қысқа мерзімді депозиттерді өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

2217. Клиенттердің орташа мерзімді депозиттері (пассив). Есепшоттың

мақсаты: Клиенттерден бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге қабылданған депозиттер сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша орташа мерзімді депозитке түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша орташа мерзімді депозиттерді өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

2219. Клиенттердің ұзақ мерзімді депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерден үш жылдан артық мерзімге қабылданған депозиттер сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді депозитке түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді депозиттерді өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

2221. Клиенттердің арнайы депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерден қаржыландыруды жүзеге асыру үшін, дебеттік карточкалармен, чектермен және чек кітапшаларымен есеп айырысу үшін қабылданған арнайы депозиттердің сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша арнайы депозитке түскен сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша арнайы депозиттерді өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

2223. Клиенттердің кепіл депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін депонирленген сомаларды есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттердің міндеттемелерін орындау үшін түскен және депонирленген сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің міндеттемелерін орындау барысында банк клиентіне қайтарылған немесе клиент алған міндеттемелерін орындамағанда банк мақсатқа сай есептен шығаратын (аударатын) сомалар өткізіледі.

2222. Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария еткен ақшасын есепке алу;

Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттарына түскен Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасы өткізіледі;

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасы есептен шығарылады. <*>

2224. Клиенттердің талап еткенге дейінгі депозиттері бойынша банктің

мерзімі өткен берешегі. Есепшоттың мақсаты: Банктің, оның ішінде банкердің клиенттердің талап етуіне дейінгі депозиттері бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткізілген берешек сомасының есебін жүргізу. Есепшоттың кредиті бойынша банктің клиенттердің талап етуіне дейінгі депозиттері бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткізілген берешек сомасы жазылады. Есепшоттың дебеті бойынша банктің клиенттердің талап етуіне дейінгі депозиттері бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткізілген берешегін өтеуге төленетін сома жазылады.

2225. Банктің клиенттермен басқа операциялары бойынша мерзімі өткен берешегі (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктің клиенттермен жүргізілетін басқа да операциялар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешек сомасының есебін жүргізу. Есепшоттың кредиті бойынша банктің клиенттермен жүргізілетін басқа да операциялар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша банктің мерзімі өткізілген берешек сомасы жазылады. Есепшоттың дебеті бойынша банктің клиенттермен жүргізілетін басқа да операциялар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткізілген берешегін өтеуге төленетін сома жазылады.

2226. Клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша банктің мерзімі өткен берешегі. Есепшоттың мақсаты: Банктің клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешек сомасының есебін жүргізу.

Есепшоттың кредиті бойынша банктің клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша банктің мерзімі өткізілген берешек сомасы жазылады.

Есепшоттың дебеті бойынша банктің клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткізілген берешегін өтеуге төленетін сома жазылады.

2227. Алынған қаржылық лизинг (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Алынған қаржылық лизинг негізгі борыш сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша алынған қаржылық лизинг негізгі борыш сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша алынған қаржылық лизинг негізгі борыштарды өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

2228. Банктің мерзімінде төленбеген нұсқаулары. Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің есепшотынан шығарылған бірақ банктің корреспонденттік есепшоты бойынша өткізілмеген құрал-жабдықтардың есебін жүргізу. Есепшоттың кредиті бойынша банктің корреспонденттік есепшотта қаражаттың болмауына немесе жетіспеуіне байланысты банк мерзімінде орындамаған нұсқаулары негізінде клиенттердің банктік есепшоттарынан шығарылған сома өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша банктің бастапқы нұсқауларға сәйкес қаражаттың корреспонденттік есепшотқа түскен кезде тағайындалып, қайта есептеген сомасы өткізіледі; нұсқау қайтарылып алынған кезде қаражат клиенттің банктік есепшотына қайтарылады.

2229. Клиенттердің басқа депозиттері (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттерден қабылданған басқа депозиттердің сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша басқа депозиттерге түскен сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша басқа депозиттерді өтеуге төленетін сомалар өткізіледі.

2301. Айналымға шығарылған облигациялар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Айналымға шығарылған облигациялар сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша айналымға шығарылған облигациялардың нақты құны өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша өтелген облигациялардың нақты құны өткізіледі.

2302. "Репо" операциялары (пассив).

Есепшоттың мақсаты: "Репо" операциялары бойынша алынған және қайтарылған ақша сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша "Репо" операциялары бойынша алынған сомалар өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша "Репо" операциялары бойынша қайтарылған ақшаны есептен шығару өткізіледі.

2303. Айналымға шығарылған басқа бағалы қағаздар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Айналымға шығарылған басқа бағалы қағаздар сомаларын

есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша айналымға шығарылған басқа бағалы қағаздар нақты құны өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша өтелген басқа бағалы қағаздар нақты құны өткізіледі.

2351. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын пайдаланып банктерді қайта қаржыландыру (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарының кепіліне қайта қаржыландыру сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша алынған кредиттердің сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша алынған кредиттердің сомалары өтелгенде немесе алынған кредиттер бойынша мерзімінен өту болғанда есептен шығарылады.

2352. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін пайдаланумен банктерді қайта қаржыландыру (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен Қаржы министрлігінің қазынашылық кепіліне алынған ломбардтық кредиттердің және олар бойынша есептелуі күтілетін сыйақы сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша алынған кредиттердің сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша алынған кредиттердің өтеу сомалары уақытында өтелгенде немесе алынған кредиттер бойынша мерзімінен өту болғанда есептен шығарылады.

2353. Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын пайдаланып банктерді қайта қаржыландыру (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазынашылық облигациялардың кепіліне қайта қаржыландыру сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша алынған кредиттердің сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша алынған кредиттердің өтеу сомалары уақытында өтелгенде немесе алынған кредиттер бойынша мерзімінен өту болғанда есептен шығарылады.

2355. Басқа жоғары өтімді бағалы қағаздарды пайдаланумен банктерді қайта қаржыландыру (пассив). Есепшоттың мақсаты: Басқа жоғары өтімді бағалы қағаздардың кепіліне қайта қаржыландыру сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша алынған кредиттердің сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша алынған кредиттердің өтеу сомалары уақытында өтелгенде немесе алынған кредиттер бойынша мерзімінен өту болғанда есептен шығарылады.

2401. Өтеу мерзімі бес жылдан кем субординирленген қарыздар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Өтеу мерзімі бес жылдан кем субординирленген қарыздарды есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша өтеу мерзімі бес жылдан кем болған субординирленген қарыздар сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша субординирленген қарыздарды өтеуге аударылған сомалар өткізіледі.

2402. Өтеу мерзімі бес жылдан артық субординирленген қарыздар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Банктің өтеу мерзімі бес жылдан артық немесе мерзімсіз субординирленген қарыздарын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша өтеу мерзімі бес жылдан кем болған субординирленген қарыздар сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша субординирленген қарыздарды өтеуге аударылған сомалар өткізіледі.

2551. Басқа банктермен есеп айырысулар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Корреспондент-банктер арасында клиринг кезінде өзара өтейтін сомаларды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша 1551 баланстық есепшотпен сальдолау және корреспонденттік есепшоттардан қалдықтарды шығару өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша 1552 есепшотпен корреспонденцияда клиенттердің төлеуі үшін қабылданған төлем құжаттарының сомалары, басқа банктердің пайдасына жасалатын төлемдердің сомалары өткізіледі.

2552. Клиенттермен есеп айырысулар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиринг барысында заңды тұлғалар арасында өзара өтелетін сомаларды есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша клиринг жүргізу үшін есепшоттан шығарылған сомалар, басқа клиенттермен акцепт үшін клиенттен түскен төлем құжаттарының сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша 1552 баланстық

есепшотпен сальдоланған және клиенттен төлеуге қабылданбаған төлем құжаттарының сомалары өткізіледі.

2702. Банктердің талап етуге дейін депозиттері бойынша есептелген шығыстар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Осы кезеңге жататын талап етуге дейін депозиттері бойынша сыйақы төлеумен байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын шығыс сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша төлемі келешекте жасалатын шығыс сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2703. Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған кредиттер бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Үкіметінен банк алған кредиттер бойынша есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын сыйақы (мүдде) сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша өсірілген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі.

2705. Банктерден алынған кредиттер бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Банктерден алынған осы кезеңге кредиттер бойынша сыйақы төлеуге байланысты есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша өсірілген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2706. Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған кредиттер бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Осы кезеңге жататын банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған кредиттер бойынша есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын сыйақы сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша өсірілген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі.

2711. Басқа банктердің депозиттері (бір түнге) бойынша есептелген шығыстар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктердің осы кезеңге жататын овернайт депозиттері бойынша сыйақы төлеумен байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын шығыс сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2712. Басқа банктердің мерзімді депозиттері бойынша есептелген шығыстары (пассив). Есепшоттың мақсаты: Басқа банктердің осы кезеңге жататын депозиттері бойынша сыйақы төлеумен байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын шығыс сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2715. Банктің бас бөлімшесі мен жергілікті филиалдары арасында есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктің бас бөлімшесі мен жергілікті филиалдары арасында осы кезеңге жататын депозиттері бойынша сыйақы төлеумен байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын шығыс сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2720. Клиенттердің талап ету депозиттері бойынша есептелген шығыстар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің осы кезеңге жатқызылған талап ету депозиттері бойынша есептелген, бірақ сыйақы төлеуге байланысты төленбеген, төлемі келешекте жасалатын шығыс сомасының есебін жүргізу. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттердің осы кезеңге жатқызылған талап ету депозиттері бойынша есептелген, бірақ сыйақы төлеуге байланысты төленбеген, төлемі келешекте жасалатын шығыс сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің талап ету депозиттері бойынша сыйақы төлеуге байланысты жұмсалған шығыс сомасы өткізіледі.

2721. Клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша есептелген шығыстар. Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша осы кезеңге жатқызылған, алдағы уақытта төленетін, сыйақы төлеумен байланысты

есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомасының есебін жүргізу. Есепшоттың кредиті бойынша клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша осы кезеңге жатқызылған, алдағы уақытта төленетін, сыйақы төлеумен байланысты есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің мерзімді депозиттері бойынша сыйақы төлеумен байланысты төленген шығыстың сомасы өткізіледі.

2722. Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Осы кезеңге жатқызылған, Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақы төлеуге байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын соманы есепке алу;

Есепшоттың кредиті бойынша осы кезеңге жатқызылған, Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақы төлеуге байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын сома өткізіледі;

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария ету жөніндегі арнайы есепшоттары бойынша сыйақыны банктерге төлеу кезінде, оны төлеуге байланысты есептелген шығыстар есептен шығарылады. <*>

2730. Айналымға шығарылған басқа бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыстар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Айналымға шығарылған осы кезеңге жататын басқа бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын шығыс сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2735. Жоғары өтімді бағалы қағаздарды пайдаланып банктерді қайта қаржыландыру бойынша есептелген шығыстар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Қазынашылық міндеттемелерді және басқа жоғары өтімді бағалы қағаздарды пайдаланумен банктерді қайта қаржыландыру бойынша сыйақы төлеумен байланысты есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын осы кезеңге жататын шығыс сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2740. Субординирленген қарыз бойынша есептелген шығыстар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Банктің субординирленген қарыз бойынша осы кезеңге жататын шығыс сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша төленген шығыс сомалары өткізіледі.

2741. Алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен сыйақылар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасының есебін жүргізу.

Есепшоттың кредиті бойынша алынған кредиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасы өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша банк төлеген мерзімі өткен сыйақы сомасы өткізіледі.

2742. Тартылған талап етуге дейінгі депозиттері бойынша мерзімі өткен сыйақы (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Талап етумен тартылған депозиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасын есептеу.

Есепшоттың кредиті бойынша талап етумен тартылған депозиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасы.

Есепшоттың дебеті бойынша банк төлеген мерзімі өткен сыйақы сомасы өткізіледі.

2743. Тартылған мерзімді депозиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Тартылған мерзімді депозиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасын есептеу.

Есепшоттың кредиті бойынша тартылған мерзімді депозиттер бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасы өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша банк төлеген мерзімі өткен сыйақы сомасы өткізіледі.

2744. Айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасын есептеу.

Есепшоттың кредиті бойынша айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы сомасы өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша банк төлеген мерзімі өткен сыйақы сомасы өткізіледі.

2748. Хеджирленетін құралдар бойынша есептелген шығыстар (пассив).
Есепшоттың мақсаты: Хеджирленетін құралдар бойынша есептелген, бірақ төленбеген, төлемі келешекте жасалатын осы кезеңге жататын шығыс сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша есептелген, бірақ төленбеген шығыс сомалары өткізіледі.

2749. Басқа да мерзімі өткен сыйақы (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Банк мерзімін өткізіп алған басқа да сыйақы сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша басқа да мерзімі өткен сыйақы сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша банк төлеген мерзімі өткен сыйақы сомалары өткізіледі.

2751. Берілген кредиттер бойынша сыйақы алуға байланысты алдын ала төленген кірістер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген кредиттер бойынша алынған, келешек кезеңге жататын, алдын ала төленген сыйақы сомаларын есепке алу.
Есепшоттың кредиті бойынша келешек кезеңге жататын, төленген сыйақы сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша кірістер есепшотына шығарылған сомалар өткізіледі.

2791. Басқа алдын ала төленген төлеулер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Келешек кезеңге жататын, басқа алдын ала төленген кірістер сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша келешек кезеңге жататын, төленген сомалар өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша кірістер есепшотына шығарылған сомалар

өткізіледі.

2801. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруы үшін қолайлы сатып алынатын жоғары өтімді бағалы қағаздар бойынша жеңілдіктер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк шығарған бағалы қағаздардың нақты құнының сатып алу бағасынан асқан шамасын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша бағалы қағаздардың нақты құнының сатып алу бағасынан асқан сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алынған Қаржы министрлігі, Ұлттық Банк қағаздары бойынша есеп беру кезеңінің соңында олардың өтелу немесе кіріске жатқызу сәтінде сыйақы есептеу немесе төлеу мөлшері бойынша кіріске шығарылатын жеңілдіктердің сомалары өткізіледі.

2802. Сатып алынатын бағалы қағаздар бойынша жеңілдіктер (пассив). Есепшоттың мақсаты: Өтеуге дейін ұсталатын кіріс белгіленген бағалы қағаздардың нақты құнының сатып алу құнынан асу шамасын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша өтеуге дейін ұсталатын кіріс белгіленген бағалы қағаздардың сатып алу бағасынан асатын сомалар өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алынған өтеуге дейін ұсталатын кіріс белгіленген бағалы қағаздар бойынша есеп беру кезеңінің соңында олардың өтелу немесе кіріске жатқызу сәтінде сыйақы есептеу немесе төлеу мөлшері бойынша кіріске шығарылатын жеңілдіктердің сомалары өткізіледі.

2803. Айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықтар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Айналымға шығарылған бағалы қағаздардың сату бағасының олардың нақты құнынан асу шамасын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша айналымға шығарылған бағалы қағаздардың сату бағасының олардың нақты құнынан асу сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы есептеу немесе төлеу мөлшері бойынша есептен шығарылатын сыйлық ақылардың сомалары өткізіледі.

2851. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп айырысулар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Салықтар бойынша бюджетке және ақша аударулар бойынша қорларға есептелген төлемдер сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша салықтар бойынша

бюджетке және ақша аударулар бойынша қорларға есептелген төлемдер сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша банк салықтарының бюджетке, ақша аударымдарының қорларға аударылатын сомалары өткізіледі.

2852. Делдалдармен есеп айырысулар (пассив).

Есепшоттың мақсаты: Брокерлерге аударылатын төлемдердің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша брокерлерге есептелген берешектің сомалары өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша брокерлерге аударылған төлемдердің сомалары өткізіледі.

2853. Акционерлермен есеп айырысулар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банк акционерлерден есептеген дивидендтер сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша акциялар бойынша сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша акционерлерге аударылатын дивидендтер сомалары өткізіледі.

2854. Банктің қызметкерлерімен есеп айырысулар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктің қызметкерлеріне іссапар шығыстары бойынша, еңбек ақы және басқа төлеулер бойынша аванстық төлемдердің есептелген сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша банктің қызметкерлеріне іссапар шығыстары бойынша, еңбек ақы және басқа төлеулер бойынша аванстық төлемдердің есептелген сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша банктің қызметкерлеріне есептелген төлемдерді төлеу сомалары өткізіледі.

2855. Құжаттық есеп айырысулар бойынша кредиторлар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Орындалатын құжаттық есеп айырысулар бойынша клиенттердің немесе басқа банктің алдындағы құжаттық есеп айырысулар бойынша берешектің сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша банктің клиенттерінің тоқтатылған қаражаттарының сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша кредиторлық берешек есепшотына өтелетін сомалар өткізіледі.

2856. Капиталдық салымдар бойынша кредиторлар (пассив). Есепшоттың мақсаты: Банктің капиталдық салымдары бойынша кредиторлық берешегі сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша капитал салымдары бойынша кредиторлық берешек сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару өткізіледі.

2857. Кейінгі қалдырылған кіріс салығы (пассив). Есепшоттың мақсаты: Келешектегі кезеңде төлеуге жататын салықтар сомаларын есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша келешектегі кезеңде төлеуге жататын есептелген кейінгі қалдырылған кіріс салығының сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша өткен есеп беру кезеңдерінде есептелген салықтардың төленген сомалары өткізіледі.

2858. Шетел валютасы бойынша банктің ұзын валюталық позициясы (пассив). Есепшоттың мақсаты: Шетел валютасындағы активтердің осы шетел валютасындағы міндеттемелерінен асқан сомаларын көрсету. Есепшоттың кредиті бойынша сатып алынған шетел валютасының сомалары өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша сатып алынған немесе жұмсалған шетел валютасының сомалары өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5767. Аукциондық сатулардан алым.

Шоттың мақсаты: Банктің шығыстарына қатысты аукциондық сатудан түскен алым сомасының есебін жүргізу.

Банктің шығыстарына қатысты аукциондық сатудан түскен алым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5768. Басқа да салықтар, алымдар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер.

Есепшоттың мақсаты: Банк шығысына жатқызылатын басқа да салықтар, алымдар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер сомасының есебін жүргізу.
Банк шығысына жатқызылатын басқа да салықтар, алымдар және бюджетке

төленетін міндетті төлемдер сомасы есепшот дебетіне жазылады. 4999 - "Салыққа дейінгі кіріс" есепшотына аударылған сома есепшот кредитіне жазылады.

5781. Үйлер және ғимараттар бойынша амортизацияға ақша аударымдары. Шоттың мақсаты: Үй-жайлар және ғимараттар бойынша амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу. Үй-жайлар және ғимараттар бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі. 4999 - "Салыққа дейінгі кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5782. Компьютерлік жабдық бойынша амортизацияға ақша аударымдары. Шоттың мақсаты: компьютер техникасы бойынша амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу. Компьютер техникасы бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі. 4999 - "Салыққа дейінгі кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5783. Басқа негізгі құралдар бойынша амортизацияға ақша аударымдары. Шоттың мақсаты: Басқа негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу. Басқа негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі. 4999 - "Салыққа дейінгі кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5784. Қаржылық лизинг бойынша қабылданған негізгі құралдар бойынша амортизацияға ақша аударымдары. Шоттың мақсаты: Қаржы лизингімен қабылданған басқа негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу. Қаржы лизингі бойынша басқа негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі. 4999 - "Салыққа дейінгі кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5785. Жалға беруге арналған негізгі құралдар бойынша амортизацияға ақша аударымдары. Шоттың мақсаты: Жалға беруге арналған басқа негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу. Жалға беруге арналған басқа негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5786. Жалға алынған үйлерге капиталдық шығыстар бойынша амортизацияға ақша аударымдары.

Шоттың мақсаты: Жалға берілген үй-жайлар бойынша жұмсалған күрделі қаражатқа есептелген амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу. Жалға берілген үй-жайлар бойынша жұмсалған күрделі қаражат бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5787. Көлік құралдары бойынша амортизацияға ақша аударымдары.

Шоттың мақсаты: Көлік құралдары бойынша амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу.

Көлік құралдары бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5788. Материалдық емес активтер бойынша амортизацияға ақша аударымдары.

Шоттың мақсаты: Материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударым сомасының есебін жүргізу.

Материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударым сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына есеп беру кезеңіндегі амортизациялық аударымның есептен шығару сомасы шот кредитіне жазылады.

5801. Жалға алу бойынша шығыстар.

Шоттың мақсаты: Негізгі құрал-жабдықтарды қарапайым жалға беру жөніндегі шығыстардың есебін жүргізу.

Негізгі құрал-жабдықтарды қарапайым жалға беру жөніндегі шығыстар сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі (жалдау проценті плюс амортизациялық аударым).

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5802. Басқа операциялық шығыс.

Шоттың мақсаты: Басқа операциялық шығыстардың есебін жүргізу.
Басқа операциялық шығыстар сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.
4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5803. Банктік акцептерден шығыстар.

Шоттың мақсаты: Банк төлеуші ретінде акцепт жасаған кездегі векселдер жөніндегі банктің шығыстар сомасының есебін жүргізу. Банк төлеуші ретінде акцепт жасаған кездегі векселдер жөніндегі банктің

шығыстар сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.
4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5851. Еншілес және ассоциациялық ұйымдардың акцияларын сатудан ысыраптар.

Шоттың мақсаты: Еншілес және ассоциациялық компаниялардың акцияларын сатудан шеккен шығын сомасының есебін жүргізу.

Еншілес және ассоциациялық компаниялардың акцияларын сатудан шеккен шығын сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5852. Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан ысыраптар.

Шоттың мақсаты: Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан шеккен шығын сомасының есебін жүргізу.

Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан шеккен шығын сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5853. Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өтеусіз беруден ысыраптар.

Шоттың мақсаты: Негізгі құрал-жабдықтарды өтеусіз беруден шеккен шығын сомасының есебін жүргізу.

Негізгі құрал-жабдықтарды өтеусіз беруден шеккен шығын сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5900. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл).

Шоттың мақсаты: Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасының есебін жүргізу.

Тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5921. Банк қызметінен алынған басқа шығыстар. Шоттың мақсаты: 5 кластық басқа баланстық есепшоттар бойынша жасалынбайтын банк қызметінің басқа да шығыстарының есебін жүргізу. 5 кластық басқа баланстық есепшоттар бойынша жасалынбайтын банк қызметінің басқа да шығыстарының сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі. 4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5922. Банк қызметі еместен алынған басқа шығыстар. Шоттың мақсаты: 5 кластық басқа баланстық есепшоттар бойынша жасалынбайтын банк қызметінің басқа да шығыстарының есебін жүргізу. 5 кластық басқа баланстық есепшоттар бойынша жасалынбайтын банктік емес

қызметтің басқа да шығыстарының сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі. 4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5941. Төтенше шығыстар.

Шоттың мақсаты: Банкке қатысты емес жағдайлардан туындаған, банктің күнделікті жұмысында кездеспейтін төтенше шығыстар сомасының есебін жүргізу (форс-мажор).

Банктің төтенше шығыстар сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5942. Есеп беру кезеңінде табылған өткен кезеңдердің шығыны.

Шоттың мақсаты: Есеп беру кезінде анықталған өткен кезеңдегі шығындардың есебін жүргізу.

Есеп беру кезінде анықталған шығындар сомасы шот дебеті бойынша өткізіледі.

4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына аударылған сома шот кредитіне жазылады.

5999. Кіріс салығы.

Шоттың мақсаты: Банктің табыс салығы сомасының есебін жүргізу.

Банктің табыс салығы сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі. 4999 - "Салыққа дейін кіріс" шотына сальдо жасалынған сома шот кредитіне жазылады. Баланстан тыс шоттар.

6005. Шығарылған жабылмаған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін талаптар (актив). Шоттың мақсаты: Клиенттерге, олардың шарт міндеттемелерін орындамаған жағдайда шығарылған орны жабылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал талаптарының есебін жүргізу. Клиенттерге, олардың шарт міндеттемелерін орындамаған жағдайда шығарылған орны жабылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал талаптарының сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

Клиенттерге, олардың шарт міндеттемелерін орындамаған жағдайда шығарылған орны жабылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал талаптарының сомасы аккредитивтерді орындағаннан немесе жойғаннан кейін шот кредитіне аударылады.

6010. Расталған жабылмаған аккредитивтер болуы мүмкін талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Банктер шығарылған орны жабылмаған аккредитивтері бойынша шарт міндеттемелерін орындамаған жағдайда ықтимал талаптардың есебін жүргізу.

Банктерге шарт міндеттемелерін орындамаған жағдайда шығарылған орны жабылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал талаптарының сомасы шоттың дебеті бойынша өткізіледі.

Банктерге шарт міндеттемелерін орындамаған жағдайда шығарылған орны жабылмаған аккредитивтері бойынша ықтимал талаптарының сомасы аккредитивтерді орындағаннан немесе жойғаннан кейін шоттың кредитіне аударылады.

6020. Шығарылған жабылған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін

талаптар (актив).

Шоттың мақсаты: Банктер шығарылған орны жабылған аккредитивтері бойынша шарт міндеттемелерін орындамаған жағдайда ықтимал талаптардың есебін жүргізу. Орны жабылған аккредитив шоттары бойынша банктерге қойылатын ықтимал талаптар сомасы шот дебетіне жазылады. Аккредитив орындалғаннан кейін немесе күші жойылғаннан кейін орны жабылған аккредитив шоттары бойынша банктерге қойылатын ықтимал талаптар сомасы шот кредитіне аударылады.

6055. Шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша болуы мүмкін талаптар (актив). Шоттың мақсаты: Банк шығарған немесе растаған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын ықтимал талаптардың есебін жүргізу. Банк шығарған немесе растаған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын ықтимал талаптар сомасы шот кредитіне аударылады. Банк шығарған немесе растаған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын ықтимал талаптардың күші жойылғаннан кейін олардың сомасы.

6075. Қабылданған кепілдіктер бойынша болуы мүмкін талаптар (актив). Шоттың мақсаты: Қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын ықтимал талаптардың есебін жүргізу. Қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын ықтимал талаптар сомасы шот дебетіне жазылады. Қабылданған кепілдіктер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын ықтимал талаптардың күші жойылғаннан кейін олардың сомасы шот кредитіне аударылады.

6080. Форфейтинг операциялары бойынша борышкерге болуы мүмкін талаптар (актив). Шоттың мақсаты: Форфейтинг операциялары бойынша банктің шартты талаптарының есебін жүргізу. Форфейтинг операциялары бойынша банктің шартты талаптар сомасы шот дебетіне жазылады. Форфейтинг операциялары бойынша банктің шартты талаптар сомасы шот кредитіне аударылады.

6105. Орналастырылатын депозиттер бойынша болашақ талаптар (актив). Шоттың мақсаты: Болашақта орналастырылуға тиіс ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктерге қойылатын болашақтағы талаптардың есебін жүргізу. Болашақта орналастырылуға тиіс ақша рыногының

орналастырылған депозиттері бойынша басқа банктерге қойылатын болашақтағы талаптар сомасы шот дебетіне жазылады. Ақша рыногының орналастырылған депозиттері бойынша басқа банктерге қойылатын болашақтағы талаптар сомасы шот кредитіне аударылады.

6125. Берілетін кредиттер бойынша болашақ талаптар (актив). Шоттың мақсаты: Болашақта берілуге тиіс кредиттер және депозиттер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын болашақтағы талаптардың есебін жүргізу. Болашақта берілуге тиіс кредиттер және депозиттер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге болашақтағы талаптар сомасы шот дебетіне жазылады. Кредиттер және депозиттер бойынша басқа банктерге немесе клиенттерге қойылатын болашақтағы талаптар сомасы шот кредитіне аударылады.

6155. Келешекте депозиттер алу бойынша шартты талаптар (актив). Шоттың мақсаты: Болашақта алынуға тиіс ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктерге қойылатын шартты талаптардың есебін жүргізу. Болашақта алынуға тиіс ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктерге қойылатын шартты талаптар сомасы шот дебетіне жазылады. Ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктерге қойылатын шартты талаптар сомасы шот кредитіне аударылады.

6175. Келешекте кредиттер алу бойынша шартты талаптар (актив). Есепшоттың мақсаты: басқа банктер немесе клиенттердің болашақта алуға жататын кредиттер мен депозиттер бойынша шартты талаптарын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктер немесе клиенттердің болашақта алуға жататын кредиттер мен депозиттер бойынша шартты талаптарының сомалары өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктер немесе клиенттердің кредиттер мен депозиттер бойынша алынатын шартты талаптарының сомасы есептен шығарылады.

6180. Форфейтинг бойынша төленетін векселдер (актив).

Есепшоттың мақсаты: Форфейтинг операциясы бойынша өндіріп алынатын вексельдердің құнын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша форфейтинг операциясымен өндірілген, сатып алынған вексельдердің құнын өткізу.

Есепшоттың кредиті бойынша форфейтинг операциясымен өндірілген, сатып

алынған вексельдердің құнын есептен шығарады.

6205. Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты талаптар (актив).

Есепшоттың мақсаты: бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты талаптарды есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын бағалы қағаздар сомасы өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша алынатын бағалы қағаздар сомасы есептен шығарылады.

6210. Қаржылық фьючерстерді (пассивтік операциялар бойынша) сатып алу бойынша шартты талаптар (актив).

Есепшоттың мақсаты: банктік пассивтік операциялар бойынша қаржылық фьючерстерді сатып алу бойынша шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын ақша сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша ақша сомасы есептен шығарылады.

6220. Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сатып алу бойынша шартты талаптар (актив). Есепшоттың мақсаты: банктік актив операциялар бойынша қаржылық фьючерстерді сатып алу бойынша шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын қаржылық фьючерстер сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша алынатын қаржылық фьючерстер сомасы есептен шығарылады.

6225. Сатып алынған опцион контрактілер - "колл" (актив). Есепшоттың мақсаты: "колл"- опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің шартты талаптарын есепке алады. Есепшоттың дебеті бойынша "колл"- опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің шартты талаптарының сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша "колл"- опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің шартты талаптарының сомасы есептен шығарылады.

6230. Болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған келісім - қарсы есепшот (актив). Есепшоттың мақсаты: болашақ сыйақы (мүдде) туралы келісім бойынша шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған келісім бойынша шартты талаптардың сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған

келісім бойынша шартты талаптардың сомасы есептен шығарылады.

6240. Белгіленген проценттік своп (актив).

Есепшоттың мақсаты: белгіленген своп бойынша шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша белгіленген своп бойынша шартты талаптардың сомасы өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша белгіленген своп бойынша шартты талаптардың сомасы есептен шығарылады.

6305. Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты талаптар (актив).

Есепшоттың мақсаты: бағалы қағаздарды сату бойынша шартты талаптарды есепке алу (актив).

Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын бағалы қағаздар сомасы өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша алынатын бағалы қағаздар сомасы есептен шығарылады.

6310. Қаржылық фьючерстерді (пассивтік операциялар бойынша) сату бойынша шартты талаптар (актив).

Есепшоттың мақсаты: банктік пассив операциялар бойынша қаржылық фьючерстерді сатып алу бойынша шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын ақша сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша ақша сомасы есептен шығарылады.

6320. Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сату бойынша шартты талаптар (актив). Есепшоттың мақсаты: банктік актив операциялар бойынша қаржылық фьючерстерді сатып алу бойынша шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын қаржылық фьючерстер сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша алынатын қаржылық фьючерстер сомасы есептен шығарылады.

6325. Сатылған опцион контрактілері - "пут"- қарсы есепшот (актив). Есепшоттың мақсаты: "пут"- сатылған опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің алдындағы шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша "пут"- опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің алдындағы шартты талаптардың сомасын өткізу. Есепшоттың кредиті бойынша "пут"-

опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің алдындағы шартты талаптардың сомасы есептен шығарылады.

6330. Болашақ сыйақы (мүдде) туралы іске асырылған келісім (актив).
Есепшоттың мақсаты: болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатылған келісім бойынша шартты талаптарды есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатылған келісім бойынша шартты талаптардың сомасы есептен шығарылады. Есепшоттың дебеті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатылған келісім бойынша шартты талаптардың сомасы өткізіледі.

6405. Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар (актив).

Есепшоттың мақсаты: шетел валютасын сатып алу-сату бойынша банктің шартты талаптарды есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алатын ақша сомасын өткізеді.

Есепшоттың кредиті бойынша болашақта алатын ақша сомасы есептен шығарылад

6415. Аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар (актив).

Есепшоттың мақсаты: аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптарды есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдардан болашақта алатын сомасы өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша аффинирленген қымбат металдардан алынған сома есептен шығарылады.

6498. Аффинирленген қымбат металдармен мәмілелер бойынша банктің позициясы (актив).

Есепшоттың мақсаты: аффинирленген қымбат металдармен мәміле бойынша банк позициясын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдардан болашақта беретін сома өткізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша аффинирленген қымбат металдардан берілген сома өткізіледі.

6499. Шетел валютасымен мәмілелер бойынша банктің позициясы (актив). Есепшоттың мақсаты: шетел валютасымен мәміле бойынша банк позициясын есепке алу. Есепшоттың дебеті бойынша валюта операциялары бойынша болашақты берілетін ақшаның сомасы өткізіледі. Есепшоттың кредиті бойынша валюта операциялары бойынша берілген ақшаның сомасы өткізіледі.

6505. Шығарылған жабылмаған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: клиенттердің келісім міндеттемелерін орындамаған жағдайда жабылмаған аккредитивтердің есепшоттары бойынша банктердің алдындағы ықтимал міндеттемелерді есепке алу. Жабылмаған аккредитивтердің есепшоттары бойынша банктердің алдындағы ықтимал міндеттемелердің сомасы есепшот кредиті бойынша өткізіледі. Жабылмаған аккредитивтердің есепшоттары бойынша банктердің алдындағы ықтимал міндеттемелердің сомасы аккредитивтерді орындағаннан кейін немесе жойғаннан кейін есепшот дебеті бойынша өткізіледі.

6510. Расталған жабылмаған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: клиенттердің келісім міндеттемелерін орындамаған жағдайда жабылмаған аккредитивтердің есепшоттары бойынша клиенттердің алдындағы ықтимал міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша жабылмаған аккредитивтердің есепшоттары бойынша клиенттердің алдындағы ықтимал міндеттемелердің сомасы өткізіледі. Жабылмаған аккредитивтердің есепшоттары бойынша банктердің алдындағы ықтимал міндеттемелердің сомасы аккредитивтерді орындағаннан кейін немесе жойғаннан кейін есепшот дебеті бойынша есептен шығарылады.

6520. Шығарылған жабылған аккредитивтер бойынша болуы мүмкін міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: клиенттердің келісім міндеттемелерін орындамаған жағдайда жабылған аккредитивтердің есепшоттары бойынша клиенттердің алдындағы ықтимал міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша жабылған аккредитивтердің есепшоттары бойынша клиенттердің алдындағы ықтимал міндеттемелердің сомасы өткізіледі. Жабылмаған аккредитивтердің есепшоттары бойынша банктердің алдындағы ықтимал міндеттемелердің сомасы аккредитивтерді орындағаннан кейін немесе жойғаннан кейін есепшот дебеті бойынша есептен шығарылады.

6555. Шығарылған немесе расталған кепілдіктер бойынша болуы мүмкін міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: банктердің шығарылған

немесе расталған кепілдемелері бойынша басқа банктердің немесе клиенттердің алдындағы ықтимал міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша банктердің шығарылған немесе расталған кепілдемелері бойынша басқа банктердің немесе клиенттердің алдындағы ықтимал міндеттемелерінің сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша банктердің шығарылған немесе расталған кепілдемелері бойынша басқа банктердің немесе клиенттердің алдындағы ықтимал міндеттемелерінің сомасы есептен шығарылады.

6575. Қабылданған кепілдіктер бойынша талаптардың болуы мүмкін азаюы (пассив). Есепшоттың мақсаты: қабылданған кепілдемелер бойынша басқа банктер немесе клиенттерге талаптарды азайту мүмкіндігін есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша қабылданған кепілдемелер бойынша басқа банктер немесе клиенттерге талаптарды азайту мүмкіндігінің сомасын өткізеді. Есепшоттың дебеті бойынша қабылданған кепілдемелер бойынша олардың күші жойылғаннан кейін басқа банктер немесе клиенттерге талаптарды азайту мүмкіндігінің сомасы есептен шығарылады.

6580. Форфейтинг операциялары бойынша міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: форфейтинг операциясы бойынша банктің шартты міндеттемелерін есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша форфейтинг операциясы бойынша банктің шартты міндеттемелерінің сомасын өткізеді. Есепшоттың дебеті бойынша форфейтинг операциясы бойынша банктің шартты міндеттемелерінің сомасын есептен шығарады.

6605. Келешекте депозиттерді және несиелерді орналастыру бойынша есепшоттар (пассив). Есепшоттың мақсаты: болашақта орналастыруға жататын ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктердің алдында шартты міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша болашақта орналастыруға жататын ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктердің алдында шартты міндеттемелердің сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша ақша рыногының депозиттерін орналастыру бойынша басқа банктердің алдында шартты міндеттемелердің сомасы есептен шығарылады.

6625. Келешекте кредиттер беру бойынша шартты міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: болашақта берілетін кредиттер мен депозиттер бойынша басқа банктер немесе клиенттердің алдындағы шартты міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша болашақта берілетін кредиттер мен депозиттер бойынша басқа банктер немесе клиенттердің алдындағы шартты міндеттемелердің сомасын өткізеді. Есепшоттың дебеті бойынша берілетін

кредиттер мен депозиттер бойынша басқа банктер немесе клиенттердің алдындағы шартты міндеттемелердің сомасын есептен шығарады.

6655. Алынатын депозиттер бойынша болашақ міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: болашақта алынуға жататын ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктердің алдындағы болашақ міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша болашақта алынуға жататын ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктердің алдындағы болашақ міндеттемелердің сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынуға жататын ақша рыногының депозиттері бойынша басқа банктердің алдындағы болашақ міндеттемелердің сомасы есептен шығарылады.

6675. Алынатын кредиттер болашақ міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: болашақта алынуға жататын кредиттер мен депозиттер бойынша басқа банктердің немесе клиенттердің алдындағы болашақ міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша болашақта алынуға жататын кредиттер мен депозиттер бойынша басқа банктердің немесе клиенттердің алдындағы болашақ міндеттемелердің сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынуға жататын кредиттер мен депозиттер бойынша басқа банктердің немесе клиенттердің алдындағы болашақ міндеттемелердің сомасын есептен шығарылады.

6680. Форфейтинг бойынша төленетін вексельдер - қарсы есепшот (контресепшот). Есепшоттың мақсаты: форфейтинг операциялары бойынша өндіріліп алынған, сатып алынған вексельдердің контрқұны есепке алынады. Есепшоттың кредиті бойынша форфейтинг операциялары бойынша өндіріліп алынған, сатып алынған вексельдердің құны өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша форфейтинг операциялары бойынша өндіріліп

алынған, сатып алынған вексельдердің құны есептен шығарылады.

6705. Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелерді есепке алу (пассив). Есепшоттың кредиті бойынша болашақта ұсынатын ақша сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша ұсынылған ақша сомасы есептен шығарылады.

6710. Қаржылық фьючерстерді (пассивтік операциялар бойынша) сатып алу бойынша шартты міндеттемелер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: банктің пассив операциялар бойынша қаржылық фьючерсті сатып алу бойынша шартты міндеттемелерді есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша болашақта ұсынылатын қаржылық фьючерс сомасы өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша ұсынылатын қаржылық фьючерс сомасы есептен шығарылады.

6720. Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сатып алу бойынша шартты міндеттемелер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: актив операциялар бойынша қаржылық фьючерстерді сатып алу бойынша шартты міндеттемелерді есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша болашақта берілетін ақша сомасын өткізеді.

Есепшоттың дебеті бойынша берілетін ақшаны есептен шығарады.

6725. Сатып алынған опцион контрактілері - "колл"- қарсы (пассив).

Есепшоттың мақсаты: "колл" - опциондық контракті бойынша басқа банктердің алдында шартты міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша "колл" - опциондық контракті бойынша басқа банктердің алдында шартты міндеттемелердің сомасы өткізіледі. Есепшоттың дебеті бойынша "колл" - опциондық контракті бойынша басқа банктердің алдында шартты міндеттемелердің сомасы есептен шығарылады.

6730. Келешек сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған келісім (пассив).

Есепшоттың мақсаты: болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған келісім бойынша шартты міндеттемелердің сомасы есептен шығарылады. Есепшоттың дебеті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатып алынған

келісім бойынша шартты міндеттемелердің сомасы өткізіледі.

6740. Өзгермелі проценттік своп (пассив).

Есепшоттың мақсаты: өзгермелі своп бойынша шартты міндеттемелер есепке алынады.

Есепшоттың кредиті бойынша өзгермелі своп бойынша шартты міндеттемелердің сомасы есептен шығарылады.

Есепшоттың дебеті бойынша өзгермелі своп бойынша шартты міндеттемелердің сомасы өткізіледі.

6805. Бағалы қағаздар сату бойынша шартты міндеттемелер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: бағалы қағаздарды сату бойынша шартты міндеттемелерді есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша сатылатын бағалы қағаздардың сомасы есептен шығарылады.

Есепшоттың дебеті бойынша болашақта сатылатын бағалы қағаздар сомасын өткізеді.

6810. Қаржылық фьючерстерді (пассивтік операциялар бойынша) сату бойынша шартты міндеттемелер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: банктің пассивтік операциялары бойынша қаржылық фьючерстерді сату бойынша шартты міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша алынатын ақша сомасы есептен шығарылады. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын ақша сомасы өткізіледі.

6820. Қаржылық фьючерстерді (активтік операциялар бойынша) сату

бойынша шартты міндеттемелер (пассив). Есепшоттың мақсаты: банктің актив операциялары бойынша қаржылық фьючерстерді сату жөніндегі шартты міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша алынатын қаржылық фьючерстерді сататын сома есептен шығарылады. Есепшоттың дебеті бойынша болашақта алынатын қаржылық фьючерстерді сататын сома өткізіледі.

6825. Сатылған опцион контрактілері - "пут" (пассив). Есепшоттың мақсаты: "пут"- сатылған опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің алдындағы шартты міндеттемелерді есепке алу. Есепшоттың кредиті бойынша "пут"- сатылған опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің алдындағы шартты міндеттемелер сомасын өткізеді. Есепшоттың дебеті бойынша "пут"- сатылған опциондық контрактілер бойынша басқа банктердің алдындағы шартты міндеттемелер сомасын есептен шығарады.

6830. Келешек сыйақы (мүдде) туралы іске асырылған келісім - қарсы

есепшот (пассив).

Есепшоттың мақсаты: болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатылған келісім бойынша шартты міндеттемелерді есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатылған келісім бойынша шартты міндеттемелер сомаларын өткізу.

Есепшоттың дебеті бойынша болашақ сыйақы (мүдде) туралы сатылған келісім бойынша шартты міндеттемелер сомасын есептен шығару.

6905. Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер (пассив).

Есепшоттың мақсаты: шетел валютасын сатып алу-сату бойынша банктің шартты міндеттемелерін есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша болашақта берілетін ақша сомасы өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша берілетін ақша сомасы есептен шығарылады.

6915. Банктің аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелері (пассив).

Есепшоттың мақсаты: аффинирленген қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша банктің шартты міндеттемелерін есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша болашақта берілетін аффинирленген қымбат металдардың сомасы өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдарға берілген сома есептен шығарылады.

6998. Аффинирленген қымбат металдармен мәмілелер бойынша банктің позициясы (пассив).

Есепшоттың мақсаты: аффинирленген қымбат металдармен жасалынатын мәмілелер бойынша банк позициясын есепке алу.

Болашақта алатын аффинирленген қымбат металдардың сомасы есепшоттың кредиті бойынша өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдардан алынған сома өткізіледі.

6999. Шетел валютасымен жасалынатын мәмілелер бойынша банктің позициясы (пассив).

Есепшоттың мақсаты: шетел валютасымен жасалынған мәмілелер бойынша банк позициясын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша валюта операциялары бойынша болашақта алынатын ақша сомасы өткізіледі.

Есепшоттың дебеті бойынша валюта операциялары бойынша алынған ақшалардың сомасы өткізіледі.

7110. Жалға берілген машиналар, жабдықтар, көліктер және басқа да құралдар.

Есепшоттың мақсаты: жалға берілген машиналар, жабдықтар, көлік және басқа құралдардың құн сомасын есепке алу.

Лизинг бойынша жасалған шарт негізінде жалға берілген жабдықтарды бергеннен кейінгі машиналар, жабдықтар, көлік және басқа құралдардың құн сомасы кіріс бойынша өткізіледі. Жабдықтың тозуына байланысты есептен шығарғанда немесе шығынға жазғанда, пайдалануға болатын мүмкіндігіне қарай сатқанда, оның құнын уақытынан бұрын баланстан есептен шығарғанда жалға беру мерзімі өткен машиналардың, жабдықтың, көлік және басқа құрал-жабдық құнының сомасы кіріске жазылады.

7130. Шығынға есептен шығарылған борыштар. Шоттың мақсаты: Борышқордың мүлктік жағдайы өзгергенде өндіріп алу мүмкіндігінің пайда болуын байқау үшін банк Басқармасының өкімі бойынша осы шотқа есептелген борыштар бойынша шығынға жазылған сомалардың есебін жүргізу. Көрсетілген борыштарды шығынға жаза отырып сонымен бір уақытта оның сомалары кіріске жазылады. Осы шотқа есепке алынған борыштарды өтеуге түскен сомалар және алынуы мүлдем үмітсіз деп танылған борыш сомалары кіріске аударылады.

7150. Инкассоға жіберілген шетел операциялары бойынша құжаттар және құндылықтар. Шоттың мақсаты: - банктің коммерциялық кредит шотына кәсіпорындардан, ұйымдардан қабылдаған, төлем алу үшін шет елге жіберілген тауар құжаттарының және инкассо операциялары бойынша тратталарының, сондай-ақ тратталар акцептінің есебін жүргізу; - төлемі аккредитивтермен қамтамасыз етілетін вексельдерден басқа, төлем жасау үшін шет елге жіберілген және шетелдік банктерде сақталған акцептелген вексельдер; - банктің кәсіпорындардан, ұйымдардан қабылдаған және бұл құжаттарды төлем жасалуына қарай беру немесе төлем жасауға жалпы 30 күнге дейін мерзімге мұрсат беру шартымен шет елге жіберілген құжаттар, чектер, вексельдер; - банктің кәсіпорындардан, ұйымдардан қабылдаған және акцепт алу үшін және аккредитив бойынша төлем жасау үшін шет елге жіберілген, сондай-ақ акцепт алу үшін немесе аккредитив бойынша жіберуге байланысты коммерциялық кредит бойынша тауар құжаттарының, вексельдердің; - төлемі аккредитивтермен

камтамасыз етілетін, акцептелген және шетелдік корреспондент банктерде сақталған вексельдердің; - шетелдік банктер төлеу үшін жіберілген комиссия үшін, телеграф және пошта шығыстары бойынша құжаттардың; шетелдік банктердің аккредитивтік, аударымдық, инкассолық және басқа операцияларының орындалғаны үшін олар төлеуге тиісті комиссия, телеграф және пошта шығыстарының сомасы көрсетіледі; - инкассоға жіберілген шетел валютасының және басқа құндылықтардың; - егер мұндай шот қолданылатын болса, ашық шот бойынша төлем жасау үшін кәсіпорындар мен ұйымдар шетелдік фирмаларға жазып жіберген есеп айырысу құжаттарының есебін жүргізу. Шет елге жіберілген құжаттардың және шетел валютасының сомасы, акцептелген тратталар сомасы шот кірісіне жазылады. Төленген құжаттар сомасы ; шетелдік банктер акцепттеген тратталар; мойындалмаған, алуға үмітсіз комиссиялардың, телеграф және пошта шығыстарының сомасы, жұмсалған шетел валютасының сомасы, сондай-ақ сатып алудан бас тартылған шетел валютасының сомасы; ашық шот бойынша есеп айырысу кезінде төленген құжаттар сомасы шот кірісінде көрсетіледі.

7220. Жалға алынған машиналар, жабдық, көлік және басқа да құралдар. Шоттың мақсаты: жалға алынған машиналар, жабдық, көлік және басқа құрал-жабдық құны сомасының есебін жүргізу. Жасалған шарт негізінде, лизинг бойынша жалға алынған жабдықтарды қабылдап алғаннан кейін машиналардың, жабдықтың, көлік және басқа құрал-жабдықтың сомасы кіріске алынады. Жабдықты сатып алғанда және одан кейін оның құнын балансқа есептегенде, жалға алу шартының қолданылу мерзімінің өтуі бойынша жалға алынған машиналар, жабдық, көлік және басқа құрал-жабдық құнының сомасы шығысқа жазылады.

7240. Инкассоға қабылданған және берілген құжаттар мен құндылықтар. Шоттың мақсаты: - кәсіпорындардан, ұйымдардан және шетелдік банктерден қабылданған, шет елге жіберген кезге дейін не төлем мерзімі жеткенге дейін немесе төлемнің түсуіне байланысты шот есебінен шығарылғанға дейін банк қоймасында сақталған төлем құжаттарының (чектердің, вексельдердің, кепілдіктердің және борыштық міндеттемелердің); - шетелдік банктердің инкассоға жіберген тауар құжаттарының; - тікелей кәсіпорындардан, ұйымдардан, азаматтардан инкассоға қабылданған шетел валютасы, чектер және басқа төлем құжаттарының; - клиенттерден, шетелдік банктерден алынған, берілген коммерциялық кредит бойынша және қоймада сақталған акцептелген вексельдердің; - банктің кәсіпорындардан, ұйымдардан және шетелдік банктерден қабылдаған, коммерциялық кредит шотына вексель ретінде

ресімделмеген және төлем алу үшін шет елге жіберілген тауарлық, есеп айырысу және басқа құжаттардың; - кәсіпорындар мен ұйымдар акцептеген немесе сатуға қойған, банк сатып алған және шетелдік банктер оларды жібергенге дейін немесе оған төлем жасалғанға дейін өздерінде сақтайтын вексельдер және басқа төлем құжаттарының; - шетелдік банктерге, фирмаларға, банк клиенттеріне жібергенге дейін қоймадан алынған коммерциялық және банктік кредиттер бойынша акцептелген вексельдердің және басқа төлем құжаттарының, сондай-ақ шетелдік банктерден, фирмалардан, банк клиенттерінен түскен және үш ай ішінде төленетін осындай құжаттардың есебін жүргізу. Түскен (қабылданған) құжаттардың, шетел валютасының, шет ел валютасындағы құжаттардың сомасы шот кірісіне жазылады. Жіберілген төленген құжаттардың, жіберілген шетел валютасының; белгіленген жағдайда төлем жасаудан бас тарту түскен құжаттардың; акцептелген құжаттардың сомасы шот шығысына жазылады.

7303. Мерзімінде төленбеген есеп айырысу құжаттары. Шоттың мақсаты: төлемшінің шотында бос қаражат болмағандықтан уақтылы төленбеген есеп айырысу құжаттарының есебін жүргізу (N 2 картотека). Мерзімінде төленбеген акцептелген төлем талап-тапсырмаларының, тауар алғаны үшін, көрсетілген қызмет және орындалған жұмыс, және инкассолық нұсқаулар үшін төлем тапсырмаларының және төлемшінің акцептін талап етпейтін соған тең құжаттардың сомасы шот кірісіне жазылады. Жабдықтаушының банкі төлеген, қайтарып алған құжаттардың, сондай-ақ кейінге акцептен толық бас тартқан құжаттардың сомасы; ішінара төлемдер, акцептен ішінара кейінге бас тарту және ішінара қайтарып алу сомасы.

7321. Қазақстан Республикасының ұйымдарына шетел мемлекеттері және шетелдік банктер ашқан кредит желілері. Шоттың мақсаты: шет мемлекеттер және шетелдік банктер ашқан Қазақстан Республикасының мекемелеріне, ұйымдарына және кәсіпорындарына кредит желілері лимиті сомасының есебін жүргізу. Шет мемлекеттер және шетелдік банктер ашқан Қазақстан Республикасының мекемелеріне, ұйымдарына және кәсіпорындарына кредит желілері лимитінің сомасы шот кірісіне жазылады.

Пайдаланылатын кредит сомасы және күші жойылатын кредиттің сомасы.

7339. Әртүрлі құндылықтар және құжаттар. Шоттың мақсаты: құндылықтар мен құжаттар келіп түскен кезде тиісті баланстық және баланстан тыс шотқа жазуға болмайтын, басқа баланстан

тыс шоттарға есепке алынбаған құндылықтар мен құжаттардың, сондай-ақ басқа шоттардан есептен шығарылған, бірақ мақсатқа берілмеген құндылықтар мен құжаттардың есебін жүргізу.

Қабылданған құндылықтар мен құжаттардың бағалау сомасы шот кірісіне жазылады.

Берілген және жіберілген құндылықтар мен құжаттардың сомасы шот шығысына жазылады.

7342. Кейін есеп беруге жіберілген және берілген әртүрлі құндылықтар және құжаттар.

Шоттың мақсаты: басқа банктердің есеп беруіне жіберілген және берілген әртүрлі құндылықтар мен құжаттардың есебін жүргізу. Сонымен бір уақытта оларды есепке алынған сол шоттар бойынша есептен шығара отырып, орындаушылардың есеп беруіне жіберілген және берілген немесе табыс етілген құндылықтар мен құжаттар сомасы шот кірісіне жазылады. Алушы банктің растауы негізінде мақсатты жеріне келіп түскен құндылықтар мен құжаттар шот шығысына жазылады.

7345. Сақтауға қабылданған қымбат металдар. Шоттың мақсаты: Банк клиенттерінен сақтауға қабылданған қымбат металдардың нақты көлемінің есебін жүргізу. Сақтауға қабылданған қымбат металдардың нақты көлемі шот кірісіне жазылады. Иесінің тапсыруы бойынша әкетілген және сатылған металдардың нақты көлемі шот шығысына жазылады.

7360. Сақтауға қабылданған акциялар және бағалы қағаздар. Шоттың мақсаты: шаруашылық органдарымен шарт бойынша банктердің сақтауға қабылдаған акциялар мен басқа бағалы қағаздардың номиналдық құны сомасының есебін жүргізу. Шаруашылық органдарымен шарт бойынша сақтауға қабылданған (депозитарий) акциялар мен басқа бағалы қағаздардың сомасы кіріске жазылады. Банктің акция ұстаушылармен келісімі бойынша қайта сатылған акциялар мен басқа бағалы қағаздарды сақтау шартының аяқталуына байланысты оны ұстаушылар қайтарған акциялар мен басқа бағалы қағаздардың сомасы кіріске жазылады.

7363. "Депозит" есепшоттары. Шоттың мақсаты: құжаттамасыз түрде (бағалы қағаздарды заттандырылған түрде нақты шығармай-ақ) көрсетілген бағалы қағаздардың есебін жүргізу. Кіріс бойынша: клиенттер сатып алған бағалы

қағаздар сомасы жазылады. Шығыс бойынша: Сатылған бағалы қағаздар сомасы немесе өтелген сома есептен шығарылады.

7401. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді бағалы қағаздары. Шоттың мақсаты: зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді бағалы қағаздары құнының есебін жүргізу. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, мемлекеттік емес зейнетақы қоры үшін сатып алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді бағалы қағаздары құны кіріске жазылады. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқа мерзімді бағалы қағаздарының өтеу немесе сату құнын есептен шығару шығысқа жазылады.

7402. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орташа мерзімді бағалы қағаздары. Шоттың мақсаты: зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді бағалы қағаздары құнының есебін жүргізу. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, мемлекеттік емес зейнетақы қоры үшін сатып алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді бағалы қағаздары құны кіріске жазылады. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді бағалы қағаздарының өтелу немесе сату құнын есептен шығару шығысқа жазылады.

7403. Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді бағалы қағаздары. Шоттың мақсаты: зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді бағалы қағаздары құнының есебін жүргізу. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік

емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, мемлекеттік емес зейнетақы қоры үшін сатып алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді бағалы қағаздары құны кіріске жазылады. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік орта мерзімді бағалы қағаздарының өтелу немесе сату құнын есептен шығару шығысқа жазылады.

7404. Қазақстандық қор биржасының "А" санаты бойынша ресми тізімге кіргізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар. Шоттың мақсаты: зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне "А" категориясы бойынша енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың құнының есебін жүргізу. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, мемлекеттік емес зейнетақы қоры үшін сатып алынған Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне "А" категориясы бойынша енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың құны кіріске жазылады. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне "А" категориясы бойынша енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың өтелу немесе сату құнын есептен шығару шығысқа жазылады.

7405. Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары. Шоттың мақсаты : зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары құнының есебін жүргізу. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, мемлекеттік емес зейнетақы қоры үшін сатып алынған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының құны кіріске жазылады. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының

өтелу немесе сату құнын есептен шығару шығысқа жазылады.

7406. Екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер. Шоттың мақсаты: зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған мемлекеттік емес зейнетақы қорларының екінші деңгейдегі банктер депозиттеріндегі ақша сомасының есебін жүргізу. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған депозиттер сомасының түсуі кіріске жазылады. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған депозиттер сомасын есептен шығару шығысқа жазылады.

7407. Басқа зейнетақы активтері. Шоттың мақсаты: зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған басқа зейнетақы активтері сомасының есебін жүргізу. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған, басқа зейнетақы активтері сомасының түсуі кіріске жазылады. Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен және мемлекеттік емес жинақтау зейнетақы қорымен жасасқан кастодиандық шартқа сәйкес кастодиан банктің сақтауға қабылдаған басқа зейнетақы активтері сомасын есептен шығару шығысқа жазылады.

7510. Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы ақша. Есепшоттың мақсаты: Сеніп тапсыру келісімі бойынша түскен (оларды орындау барысында алынған) ақшаның есебін жүргізу. Сеніп тапсырушылардан алынған ақша кіріске жазылады. Сеніп тапсырылған (трастық) басқару бойынша төлем жасау, сеніп тапсырушыларға қолма-қол ақша қайтару үшін берілген ақша шығысқа жазылады.

7520. Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы бағалы қағаздар. Есепшоттың мақсаты: Сеніп тапсырылған (трастық) басқаруға түскен, сондай-ақ сеніп тапсырылған (трастық) басқару барысында сатып алынған бағалы қағаздардың есебін жүргізу. Түскен (сатып алынған) бағалы қағаздардың құны,

сондай-ақ бағалы қағаздарды қайта бағалаудың оң айырмашылығы кіріс бойынша жазылады. Қайтарылған (сатылған) бағалы қағаздардың құны, сондай-ақ бағалы қағаздарды қайта бағалау нәтижесіндегі теріс айырмашылық шығысқа жазылады.

7530. Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы аффинирленген қымбат металдар. Есепшоттың мақсаты: Сеніп тапсырылған (трастық) басқару келісімі бойынша түскен, сондай-ақ сеніп тапсырылған (трастық) басқару барысында сатып алынған тазартылған қымбат металдардың есебін жүргізу. Сеніп тапсырылған (трастық) басқару барысында түскен немесе сатып алынған тазартылған қымбат металдардың құны, сондай-ақ тазартылған қымбат металдарды қайта бағалау кезіндегі құнның өсуі кіріске жазылады. Сеніп тапсырушыларға қайтарылған немесе шарттың талаптары бойынша басқа тұлғаларға сатылған тазартылған қымбат металдардың құны, сондай-ақ тазартылған қымбат металдарды қайта бағалау кезіндегі құнның кемуі шығысқа жазылады.

7540. Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы басқа да активтер.

Есепшоттық мақсаты: Сеніп тапсырылған (трастық) басқарудағы басқа да активтердің есебін жүргізу.

Сеніп тапсырылған (трастық) басқару барысында түскен немесе сатып алынған басқа да активтердің құны кіріске жазылады.

Сеніп тапсырушыларға қайтарылған немесе шарттың талаптары бойынша басқа тұлғаларға сатылған басқа да активтердің құны шығысқа жазылады.

Ескерту. Жоспар өзгерді - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 2001.04.09.

№ 90 қаулысымен.

V011467_

Ұлттық Банк

Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК